ЗАҢ газеті


zangazet@mail.ru

№ 77 (3904)
13 қазан 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

3-БЕТ



Табысты түгел ұстау борышкер жағдайын қиындатады

5-БЕТ



Логистиканы цифрландыруда мәселе бар

8-БЕТ



Медбикенің мінәжаты

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢНЫҢ САЛМАҒЫ – ТИІМДІЛІГІНДЕ



Құрылтайдың кезекті жалпы отырысында өңірлермен байланысты күшейтудің жаңа тетігі ұсынылып, мәдениет пен өнер өкілдерін мемлекеттік деңгейде ынталандыруға бағытталған заң жобасы қаралды.

(Жалғасы 3-бетте)

МЕРЕЙ

Үстіміздегі жылы бірқатар ардагер заңгерлеріміз жетпіс жылдық белеске жетіп, мерейтойын атап өтуде. Басқалар үшін қалай болатыны өздеріне мәлім, ал заңгерлер қауымы үшін жетпіс жас – нағыз қарттық асу емес, кемел қайратына мінген ердің жасы. Бұл жастағы заңгерлеріміз, қолынан келер істің бәрін доғарып, межелі жеріме жеттім деп тоқырамайды, жаңа бір серпінмен тың күш алып, келешек жастарымызға тәлімгер болуды қолға алады, әйтеуір, бір тетігін тауып, өзінің жинаған мол тәжірибесін кәдеге асыруды жалғастыра түседі.

ЖЕТПІС ЖЫЛДЫҚ ТАҒЫЛЫМ

ҚР Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы Төлебай ҚОЖАН – 70 жаста

Ардагер заңгерлеріміз – әрқашан таптырмайтын ақылшы, тығырықтан шығар жол нұсқар кеңесші. Міне, жетпістің желкесіне мініп, ту қырқасына көтеріліп отырған Төлебай Әжібекұлы туралы да айтар лебізіміз осыған саяды. Осы жасында да ағамызды шау тартып қалған шаршаңқы қалпында елестете алмаймыз. Мұның сыры неде?

Әрине, «Адамның адамшылығы істің аяқталуынан емес, бастауынан білінеді» деп дана Абай айтпақшы, мұның сыры – туған топырақтан бастау алып, ұшқан ұясында негізінің дұрыс қалануынан-ау деп жорамалдаймыз.

Төлебай Әжібекұлы қасиетті оңтүстіктен – Шымкент өңірінің тумасы, осындағы іргелі өлке Мақтаарал ауданында 1956 жылы, 17 қазанда дүниеге келген. Алғашқы өмір сапарында көбімізге ортақ, қалыпты жолдардан өтіп, әуелі мектеп қабырғасында білім алған соң, 1974–1976 жылдар аралығында міндетті әскери борышын өтеген. Осыдан кейін өзінің жан қалауы бойынша Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне түсіп, оны заң бөлімі бойынша 1982 жылы аяқтап шыққан. Осы жылдан бастап Торғай облыстық сотында тағылымдамашы, 1983 жылдан Гурьев /қазіргі Атырау/ қалалық сотының судьясы, 1990 жылдан Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының мүшесі, 1995 жылдан Шымкент қаласындағы Әл-Фараби аудандық сотының судьясы болды.

Төлебай Әжібекұлы 1996–2019 жылдар аралығында Жоғарғы Сот судьясы болып ұзақ жылдар абыройлы қызмет атқарды. Міне, Т.Ә.Қожанның заңгер ретінде әбден пісіп, тәжірибесі жетілген, еңбегінің ең жемісті, ең нәтижелі кезеңдері де осы еліміздің Жоғарғы Сотындағы судьялық қызметте өткеніне куә болдық. Әрине, Жоғарғы Сотта табан аудармастан жиырма үш жыл қызмет атқару – аз абырой болмаса керек. Әрі бұл біздің кейіпкеріміздің қажырлылығы мен табандылығының, жоғарғы сатыда жоғары талап көрсете білген белсенді еңбегінің нәтижесі деп ұғуымыз керек. Сонымен бірге, бүгінгі зейнеткерлік шағында да Төлебай Әжібекұлы қол қусырып қарап отырған жоқ. Жоғарыда баса атап өткеніміздей, заң мен соттың елдік шеңберіндегі маңызды мәселелеріне араласып, атсалысып отырады. Әсіресе, жас заңгерлерге өз тәжірибесін бөлісіп, үйретуден ешқашан жалыққан емес, мол тағылым танытып, ақылкеңесін беруден аянып қалмайды.

(Жалғасы 2-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Арманай ҚАБДЕШОВА, *«АВК group» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспасөз хатшысы:*

«ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНЕ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ӨЗІНДІК МОДЕЛІ ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ»

– Арманай Мирасқызы, тарихқа көз жүгіртер болсақ дамыған елдердің экономикалық жағынан артта қалған елдерге қатысты ұстанған саясаты әр уақытта әртүрлі. Қазір бұл үрдіс қалай жүріп жатыр?

– Халықаралық саясатта мемлекеттің ықпалы тек экономикалық әлеуетімен, әскери қуатымен немесе саяси шешімдерімен ғана өлшенбейді. Елдің тартымды әрі сенімді серіктес бола білу қабілеті де барған сайын маңызды рөл атқарып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі халықаралық қатынастарда «жұмсақ күш» тұжырымдамасы кеңінен қарастырылады. Ол мемлекеттің тікелей мәжбүрлеу арқылы емес, өзінің құндылықтары, тәжірибесі мен саясатының тартымдылығы арқылы қалаған нәтижелерге қол жеткізу қабілетін білдіреді.

Осындай саясат құралдарының бірі – Дамудың ресми көмегі (ДРК). Қазақстан біртіндеп, ең алдымен, Орталық Азия елдері мен Ауғанстанға бағытталған халықаралық көмек көрсетудің өзіндік моделін қалыптастырып келеді. Бұл ретте әңгіме тек қаржылық немесе гуманитарлық қолдау туралы емес. Қазақстан серіктес елдерге білім беру, цифрландыру, мемлекеттік басқару және адами капиталды дамыту салаларындағы өз тәжірибесін ұсынады.

– Қазақстанның көмек алушыдан донор елге айналуы қай уақыттан басталады?

– Бұл елдің экономикалық және халықаралық мәртебесінің өзгеруімен тікелей байланысты. 2006 жылы Қазақстан Дүниежүзілік банк тарапынан табысы ортадан жоғары елдер санатына жатқызылды. Осының өзі еліміздің негізінен халықаралық көмек алушы мемлекет рөлінен басқа елдерге өз бетінше көмек көрсете алатын донор мемлекет рөліне өтуіне ықпал еткен факторлардың бірі болды.

Келесі маңызды кезең 2014 жылы «Дамуға ресми көмек туралы» заңның қабылдануы. Бұл құжат аталған саладағы жүйелі жұмыстың құқықтық негізін қалыптастырды. 2015 жылы Қазақстан ЭЫДҰ-ның Дамуға жәрдемдесу комитетіне шақырылған қатысушы мәртебесін алды. Осылайша халықаралық донорлық көмек жүйесімен тығыз байланыс орнатып, оны ұсынудың халықаралық тәсілдеріне бағдарлануға мүмкіндік туды.

Ал 2020 жылғы желтоқсанда Қазақстан Үкіметі KazAID Қазақстанның халықаралық даму агенттігін, ДРК саласындағы ұлттық операторды құрды. Бүгінде агенттік Сыртқы істер министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымы ретінде дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады. Осылайша, салыстырмалы түрде қысқа уақыт ішінде Қазақстан жекелеген көмек түрлерін көрсетіп қана қоймай, ұзақ мерзімді халықаралық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін институционалдық жүйе қалыптастырды.

(Жалғасы 4-бетте)

№ 77 (3904)
13 қазан 2026 жыл
zangazet@mail.ru

МЕРЕЙ

ЖЕТПІС ЖЫЛДЫҚ ТАҒЫЛЫМ

ҚР Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы Төлебай ҚОЖАН – 70 жаста

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әрине, еселі еңбек ешқашан елеусіз қалмақ емес, Төлебай Әжібекұлы әр жылдарда еліміздің жоғары дәрежелі марапаттауларына ие болды. Атап өтер болсақ, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы» медалімен, Жоғарғы Сот пен Судьялар одағының Құрмет грамоталарымен марапатталды. 2018 жылы ел Президентінің Жарлығымен «Құрмет» орденіне лайық деп танылды.

Әлі ұмытыла қойылған жоқ, 2019 жылы 27 желтоқсанда ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Жоғары Сот судьялары Төлебай Қожан мен Бағлан Мақұлбековтердің құрметті еңбек демалысына шығуына байланысты арнайы іс-шара өткізіп, олардың зор ауқымды іс атқарғанын ризашылықпен көрсете отырып, алғысын жеткізген еді. Жоғарғы Соттың төрағасы, сол жолы Төлебай Әжібекұлының кәсіби терең білімін, айрықша принципшілдігін, еңбексүйгіштігін атап көрсетіп, сот жүйесіне қосқан салмақты үлесіне қошемет білдірді.

Т.Қожан сот және құқық қорғау жүйесінде 30 жылдан астам уақыт қызмет атқарып, биік абыройға ие болды, көптеген шәкірт дайындады, сонымен бірге, сот төрелігін жүзеге асырудағы ұзақ жылғы адал қызметі үшін «Құрметті судья» белгісіне ие болды, мемлекеттік және ведомстволық наградалардың иегері атанды.

Төлебай Әжібекұлы ұзақ жылғы тәжірибесімен бөлісіп, заң мен сот істері жайлы, адам сату саудасына байланысты, қоршаған ортаны қорғау туралы маңызды мәселелерді көтерген мақалаларын еліміздің заңнамалық басылымдарына, газет-журналдарға жариялап келеді. Осы орайда 2011 жылы Астана қаласында судьялар үшін адам саудасына қарсы әрекет ету аясында ең үздік заңнамалық және соттық тәжірибе бойынша өткен екі күндік халықаралық деңгейдегі оқу семинарына Т.Қожанның белсене атсалысқанын ерекше атаған жөн. Сол жолы Италиядан, Ресейден, т.б. көптеген елден жиналған сарапшылар арасында қазақстандық заңгерлер қатарында Төлебай Әжібекұлы да өз ойын ортаға салып, салмақты пікір білдірді. Жоғарғы Соттың судьясы Т.Қожан: «Адам саудасына қатысты қылмыстық істер бойынша сот тәжірибесін талдап қорыту – сот шешімдерінің сапасын арттыруға, сондай-ақ, осындай істерді қарау кезінде судьялар жиі жіберетін қателерді анықтауға және тоқтатуға көмектеседі», – деп өз көзқарасымен



бөліскен еді. Мұндайда, әрине, ел атынан түйінді, байыпты ой айта білудің маңыздылығы жоғары екендігі айтпаса да түсінікті. «Сырт көз – сыншы» демекші, төріңе шыққан қонақтың сынағы да аз болмасы анық, «Қонақ аз отырып, көп сынайды» дегенді де айтып өтіпті ата-бабаларымыз.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарай білетін, ұстанымы мықты Төлебай Әжібекұлы былайғы өмірде мейлінше қарапайым, ізетті, сыпайы, жайдары мінезді жан. Ұлағатты отбасының отағасы, жары мен бала-шағасының ортасында бақытты ел ағасы.

Төлебай ағамызға жетпісінде тоқырап қалмасын, баяғысынша аттан түспеген тың қалпында, елімен, отбасымен және әріптестерімен бірге, жарқын ғұмыр кеше берсін, дені сау болсын дей отырып, мерейтойына бірер шумақ жырдан шашу шашып, інілік ілтипатпен, аздаған әзіліміз аралас ыстық лебіз білдіре кеткенді жөн көрдік:

Жетпіс деген немене, серілерге,
Күндіз-түні жортатын бөрілерге.
Осы күнге ентікпей келіп жеткен,
Ағаларым жетпіске берілер ме?!

Жетпіс деген серінің жасы емес пе?
Жер танып, жетілгені рас емес пе?
Азар болса, жастықтың соңы десек, –
Қадірлі қариялықтың басы емес пе?!

Демей ме, «күлме досқа, келер басқа»,
Жетпіске келіп жатыр, кілең қасқа.
Жинала бер, дайын бол, тойшыл қауым,
Төлебай ағам келді жетпіс жасқа!

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Тарих – халықтың өткені ғана емес, ұлттың бүгінін айқындап, ертеңіне жол көрсететін рухани бағдар. Әрбір елдің тағдырында оның болашағын өзгерткен айтулы күндер болады. Қазақ халқы үшін сондай тарихи белестің бірі – 25 қазан.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАСТАР ТАРИХИ БЕЛЕС

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны қабылдады. Тарихи құжат Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуына негіз болған маңызды саяси-құқықтық қадамның бірі еді. Декларацияда республиканың аумақтық тұтастығы, азаматтық, мемлекеттік билік, экономикалық дербестік және басқа да маңызды мемлекеттік қағидалар көрініс тапты. Бұл оқиғаның тарихи маңызын түсіну үшін халқымыздың өткеніне көз жүгірту қажет.

1990 жылғы 25 қазан – тарихи сабақтастықтағы маңызды белес. Бір жылдан кейін, 1991 жылғы 16 желтоқсанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды. Осылайша халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған азаттығы тарихи шындыққа айналды.

Тәуелсіздік негізінде – ұлттың сан ғасырлық тарихы, ата-бабаның арманы, ел үшін жасалған еңбек пен күрес жатыр. Сондықтан тәуелсіздікті сақтау және оны жариялау үлкен жауапкершілік. Республика күні осы жауапкершілікті тағы бір мәрте сезінуге мүмкіндік береді. Бұл мереке – өткенді еске алып қана қоймай, бүгінгі жетістіктерімізге көз жүгіртіп, келешекке мақсат қоюға үндейтін маңызды күн.

Патриот болу тек мереке кезінде Көк туды көтеріп, жақсы сөз айту емес. Патриотизм – өз ісіңді адал орындау, туған жеріңді құрметтеу, ана тіліңді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету, айналаңа пайдаңды тигізу. Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлы елдің болашағын біліммен, еңбекпен және адамгершілікпен байланыстырды. Оның шығармаларындағы ғылым-білімге, еңбекке, бірлікке шақырған ойлары бүгінгі күн үшін де аса маңызды. Абайдың «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген сөзі ел бірлігінің маңызын айқын көрсетеді. Бұл тұрғыда Абай өңірінің орны ерекше. Семей жері – қазақтың рухани тарихында өзіндік орны бар қасиетті мекен. Бұл өлкеде Абай мен Шәкәрімнің өнегелі мұрасы қалыптасты, Алаш қозғалысының тарихи іздері қалды. Сондықтан бұл өңірдің әрбір азаматы үшін ел тарихын білу – үлкен жауапкершілік. Тарихи жадымызды сақтау – өткенге байланып қалу емес. Керісінше, өткеннен дұрыс сабақ алып, болашаққа дұрыс бағыт таңдау. Тарих бізге бірліктің қадірін, тәуелсіздіктің бағасын және ел болудың жауапкершілігін үйретеді.

25 қазан – елдік рухымызды асқақтатып, өткенімізді құрметтеп, болашағымызға нық қадам басуға үндейтін қастерлі күн. Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, бірлігі бекем, болашағы



Әмина ЕРНАЗАРОВА,
Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Абай облысы бойынша департаменті Құжат айналымы бөлімінің бас маманы

КЕСЕЛ

АДАЛДЫҚ АЛА ҚОЛДАРДЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Қазақ халқының тарихында адалдық пен әділдік әрқашан жоғары бағаланған. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген ұлағатты сөзі қоғамдағы өзара құрмет пен адамгершіліктің маңызын көрсетеді. Әділдік пен адалдықты берік ұстанған қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын болмауға тиіс.

Бүгінде елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, оның туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік органдарда профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, семинар, дөңгелек үстел, кездесулер мен түсіндіру жұмысы өткізіліп келеді. Мұндай іс-шаралардың басты мақсаты – азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру және заң талаптарын сақтау қажеттігін түсіндіру.

Сот жүйесінің де бұл бағыттағы жауапкершілігі айрықша. Сот төрелігін жүзеге асыру барысында заңдылықты, әділдікті және объективтілікті сақтау – сот қызметінің негізгі қағидаттарының бірі. Судьяның әрбір қабылдаған шешімі заң талаптарына негізделіп, тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталуы тиіс. Сот жүйесіне деген қоғамдық сенім ең алдымен сот төрелігінің әділдігімен, ашықтығымен және заңдылығымен тығыз байланысты. Осыған орай сот қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, судьялар мен сот қызметкерлерінің әдеп нормаларын сақтау, қызметтік міндеттерін адал орындау мәселелеріне ерекше мән беріледі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жазалау шараларымен шектелмеуі қажет. Ең бастысы – оның алдын алу. Ол үшін мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету, цифрландыру мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану, азаматтармен тікелей байланысты азайту және шешім қабылдау процестерінің жариялылығын арттыру маңызды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру отбасынан, білім беру ұйымдарынан және еңбек ұжымдарынан басталуы тиіс. Жас ұрпаққа адал еңбек ету, заңды құрметтеу, өзгенің құқығын сыйлау, әділдік пен жауапкершілікті сақтау құндылығын сіңіру – қоғамның болашағына жасалған маңызды инвестиция.

Әсіресе, жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыруға ерекше көңіл бөлген жөн. Себебі, бүгінгі жас – ертеңгі мемлекеттік қызметші, кәсіпкер, заңгер, дәрігер, мұғалім және қоғамның белсенді мүшесі. Оның құқықтық санасы мен азаматтық ұстанымы мемлекеттің болашақ дамуына тікелей ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар барысында азаматтарға қолданыстағы заңнаманың талаптарын түсіндірумен қатар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының қоғамға тигізетін кері әсері де жан-жақты түсіндірілгені жөн. Себебі, сыбайлас жемқорлықтың салдары бір ғана адамға немесе мекемеге емес, тұтас қоғамға әсер етеді.

Қоғамда «сыбайлас жемқорлықпен күресу – тек мемлекеттік органдардың міндеті» деген түсінік болмауы керек. Керісінше, бұл бағыттағы жұмыс мемлекет пен қоғамның бірлескен әрекетін талап етеді. Мемлекеттің дамуы мен қоғамның тұрақтылығы заң үстемдігіне тікелей байланысты. Сондықтан әрқайсымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға өз үлесімізді қосып, заң талаптарын сақтауды және адалдық қағидаттарын берік ұстануды азаматтық парыз деп қабылдауымыз қажет.

Халел АБУЛХАИР,
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының жетекші маманы

КӨЗҚАРАС

ҚҰРМЕТ БІР КҮНДІК ҰРАНМЕН ШЕКТЕЛМЕУІ КЕРЕК

Қазақ тілі – талай ғасырлық тарихты бойына жинаған тіл. Оның әрбір сөзінен халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен дүниетанымы аңғарылады. «Шаңырақ», «құт», «намыс», «обал», «сауап» сияқты сөздердің мағынасы халқымыздың рухани дүниесімен тығыз байланысты. Демек, ана тіліміздің сақтау арқылы біз ұлттық санамызды да сақтаймыз.



Бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған ең маңызды міндеттің бірі – қазақ тілінің мәртебесін биіктету. Тілді құрметтеу тек мерекелік шараларда ұрандатумен шектелмеуі тиіс. Құрмет күнделікті өмірден көрінуі қажет. Отбасында қазақша сөйлеу, қазақша кітап оқу, сауатты жазу, ана тіліндегі мәдениет пен өнерді дәріптеу – тілге деген шынайы құрметтің белгісі.

Ана тіліміз – ұлттық болмыстың басты белгілерінің бірі. Өз тілін құрметтеген адам өз халқын да құрметтейді. Себебі, тілден халықтың мінезі, тарихы, арманы мен дүниеге көзқарасы көрінеді. «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деген сөздің мәні де осында. Қазақ тілін сақтау – тек сөздерді ұмытпау емес, ұлттық құндылықтарды, мәдениетті және рухани сабақтастықты сақтау.

Қазіргі таңда қазақ тілінің дамуына ерекше көңіл бөлініп келеді. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясының кеңеюі қоғам үшін маңызды міндет. Алайда тілді дамыту тек мемлекеттік мекемелердің немесе белгілі бір мамандардың жұмысы болмауы керек. Қазақ тілінің болашағы әрбір азаматтың өзіне байланысты.

Әйгерім ХАРИСОВА,
Атырау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің бас маманы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢНЫҢ САЛМАҒЫ – ТИІМДІЛІГІНДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Заң қабылдау – жұмыстың соңы емес. Оның шын мәні қағаздағы баптардан емес, сол нормалардың ел ішінде қалай жұмыс істеп тұрғанынан көрінеді. Адамның күнделікті өміріне, өңірдің дамуына, жергілікті басқарудың мүмкіндігіне әсер ететін кез келген заңның тағдыры оның қолданылу тәжірибесімен өлшенеді. ҚР Құрылтайының отырысында Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес құру бастамасының мәні де осында секілді. Мемлекет басшысы Құрылтайдың алғашқы сессиясының ашылуында заңдардың әрбір нормасы мен тармағы тыңғылықты қаралып, жан-жақты талқылануы қажеттігін атап өткен болатын. Бұл – заң шығару үдерісінің сапасына қойылатын талап қана емес, оның өмірмен байланысын күшейтуге берілген бағыт.

Мәслихаттар – халықпен тікелей жұмыс істейтін өкілді органдар. Олар жергілікті жердегі әлеуметтік мәселелерді, инфрақұрылымның жай-күйін, бюджет мүмкіндігін, елдің нақты сұранысын күнделікті көреді. Қабылданған заңның қай тұсы іске асып жатқанын, қай нормасы кедергіге ұшырайтынын да бірінші болып сезінеді. Сондықтан Құрылтай мен мәслихаттар арасында тұрақты әрі жүйелі байланыс орнату – уақыт талабы.

Құрылтайдың өңірлік және инфрақұрылымдық даму комитетінің төрағасы Әмірбек Оспанбековтың айтуынша, ұсынылып отырған кеңес осы қажеттіліктің нақты институционалдық тетігі болмақ. Оның міндеті тек ұсыныс жинаумен шектелмейді. Заңдарды әзірлеу мен талқылау барысында мәслихаттардың пікірін ескеру, қабылданған нормалардың жергілікті жерде қолданылуына кері байланыс алу, өңірлердегі жүйелі проблемаларды жинақтау және оларды заңнаманы жетілдіруге бағыттау көзделіп отыр.

Бұл жерде заңдардың құқықтық тұрғыдан қолданылуына мониторинг жүргізуге ерекше назар аудару керек. Өйткені кейде заң жақсы жазылады, бірақ оны орындаудың тетігі жергілікті жерде күрделі болып шығады. Бір өңірдегі мәселе екінші өңірде де қайталануы мүмкін. Егер мұндай проблемалар дер кезінде жинақталып, себептері сараланса, жекелеген шағымдардың ар жағындағы жүйелік түйткілдерді көруге мүмкіндік туады. Яғни, кері байланыс – сын айту үшін ғана емес, заңның сапасын арттыру үшін қажет.

Оспанбеков мырза ұсынылып отырған тетіктің тағы бір ерекшелігі ретінде жұмыс тек облыстық мәслихаттармен шектелмейтінін атап көрсетті. Оның аясында аудандық және облыстық маңызы бар қалалардың мәслихаттары да өз ұсыныстарын тікелей жолдап, талқылауға қатыса алады. Бұл жергілікті деңгейдегі нақты тәжірибені заң шығару жұмысына жақындатуға мүмкіндік береді. Ал, талдамалық жұмысты Парламентаризм институтының қамтамасыз етуі ұсынылып отыр. Яғни, мәслихаттардан келетін ұсыныстар жай ғана хаттар қоржынына түсіп қоймай, талданып, жүйеленіп, нақты шешімдерге айналуы керек. Жалпы, заңның күші көптігінде емес, тиімділігінде екенін ескерсек, Құрылтай мен мәслихаттардың арасындағы жаңа байланыс арнасы орталық пен өңір арасындағы пікір алмасуды ғана емес, заң шығару мәдениетін де жаңа деңгейге көтеруі мүмкін.

Құрылтай отырысында бұдан бөлек мәдениет пен өнер саласына қатысты маңызды заң жобасы қаралды. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін құжатта «Шәмші Қалдаяқов» медалін және «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағын енгізу ұсынылып отыр.

Бұл – бір қарағанда марапат жүйесіне енгізілетін өзгеріс сияқты көрінуі мүмкін. Шын мәнінде мәселенің астарында мәдениет пен өнер еңбегін мемлекеттік деңгейде бағалау деген үлкен ұғым жатқаны сөзсіз. «Шәмші Қалдаяқов» медалінің енгізілуі композитор есімін марапат атауына айналдырудан әлдеқайда кең мағына береді. Бұл – ұлттық музыкаға, шығармашылық еңбекке деген құрметтің мемлекеттік деңгейдегі көрінісі.

Заң жобасын әріптестеріне таныстырған оның бастамашыларының бірі депутат Ләззат Жылқыбаеваның айтуынша, жаңа құжат мемлекеттік наградалар жүйесіне мұғалімдер мен дәрігерлерге арналған құрметті атақтарды енгізу, ғылым, техника, өнеркәсіп және қоғамның басқа да маңызды салаларындағы еңбек сіңірген қайраткерлерді марапаттау жұмысының жүйелі жалғасы.

Талқылау барысында депутаттар жаңа мемлекеттік награданың кімдерге және қандай еңбегі үшін берілетінін нақтылады. Мәселен, олар Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілінен «Шәмші Қалдаяқов» медалінің негізгі басымдығы халық сүйіп тыңдайтын әндердің авторларын марапаттау ма, әлде оның критерийлері бұдан да кең бола ма?» деп сұрады. Министрлік өкілінің жауабы бұл медальдің ауқымы кең болатынын көрсетті. Оның айтуынша, марапат тек эстрадалық жанр өкілдеріне немесе дәстүрлі ән орындаушыларына ғана арналмайды. Музыка өнеріне елеулі үлес қосқан композиторлар, дирижерлер, ән авторлары, орындаушылармен қатар, өнер саласында ұзақ жыл еңбек еткен ұстаздар, жас таланттарды тәрбиелеп, жаңа буынның қалыптасуына үлес қосқан мамандар да назардан тыс қалмайды. Яғни, мұнда негізгі өлшем – адамның танымал болуы ғана емес, музыка өнеріне қосқан нақты шығармашылық және кәсіби үлесі.

> *Шәмші Қалдаяқовтың есімімен байланысты награда ең алдымен халыққа қызмет еткен өнерді, ұлттық музыканың дамуына еңбек сіңірген шығармашылық тұлғаны және сол өнердің болашағына жол ашқан ұстаздық еңбекті бағалайтын марапат болса, оның қоғамдық салмағы да жоғары болары сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа медальдің енгізілуі – марапаттар қатарын толықтыру ғана емес, музыка өнерінің тұтас экожүйесін мойындаудың бір көрінісі.*

Бұл әрине, маңызды ұстаным. Өйткені өнердің сахнадағы көрінетін тұлғалары бар да, сол өнердің тамырын ұстап, кейінгі буынға жеткізетін көрінбейтін еңбегі бар. Бірі – шығарма тудырады, бірі – оны сахнаға шығарады, енді бірі – шәкірт тәрбиелеп, өнердің жалғастығын қамтамасыз етеді. Демек, Шәмші есімімен аталатын медальдің мәні де осындай кең аяда ашылмақ. Бұл ретте нақты критерийлердің әділ әрі түсінікті болуы аса маңызды. Себебі мемлекеттік награданың беделі оны кімдердің алатынымен ғана емес, қандай еңбектің лайық деп танылғанымен де өлшенеді. Шәмші Қалдаяқовтың есімімен байланысты награда ең алдымен халыққа қызмет еткен өнерді, ұлттық музыканың дамуына еңбек сіңірген шығармашылық тұлғаны және сол өнердің болашағына жол ашқан ұстаздық еңбекті бағалайтын марапат болса, оның қоғамдық салмағы да жоғары болары сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа медальдің енгізілуі – марапаттар қатарын толықтыру ғана емес, музыка өнерінің тұтас экожүйесін мойындаудың бір көрінісі. Шәмші әндері халықтың жүрегінде қалай өмір сүрсе, Шәмші атымен берілетін медаль де өнерге адал қызмет еткен азаматтардың еңбегін бағалаудың салмақты белгісіне айналуы тиіс.

Құжат бойынша Құрылтайдың барлық комитеті оң қорытынды берген. Комитеттің кеңейтілген отырысында да талқыланып, заң жобасының Конституция мен қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтіні, теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкелмейтіні және республикалық бюджеттен қосымша шығынды талап етпейтіні атап өтілді. Отырыста бұл заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.

Екі мәселенің сыртқы мазмұны екі бөлек болғанымен, ішкі өзегінде ортақ ұстаным бар. Біріншісі – өнердің сөзін заң шығару үдерісіне жақындату болса, екіншісі – елдің мәдени-рухани дамуына үлес қосқан еңбекті мемлекеттік деңгейде бағалау. Яғни, Құрылтай мінберіндегі талқылаулардың бір жағында – елдің нақты проблемасын жоғары деңгейдегі шешімдермен байланыстыратын кері байланыс тетігі болса, екінші жағында – ұлттық мәдениеттің дамуына еңбек сіңірген азаматтарды мойындаудың жаңа мүмкіндігі тұр. Заңның өміршеңдігі де, мемлекеттің беріктігі де осындай өзара байланысты қадамдардан басталса керек. Бұл ұстаным Құрылтай жұмысының негізгі қағидасына айналса игі.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

Азаматтың банкке қарызы болуы – оның заң алдындағы міндеттемесі барын білдіреді. Бірақ сол қарыз үшін адамның өмір сүруге қажетті ең төменгі қаражатынан айырылуы қаншалықты дұрыс? Құрылтай отырысында осы сауалдың астарында жатқан маңызды әлеуметтік мәселе көтеріліп, азаматтардың берешегін өндіріп алу кезінде заңмен қорғалатын қаражатын сақтау тетігін жетілдіру туралы Ұлттық Банк төрағасына депутаттық сауал жолданды.

ТАБЫСТЫ ТҮГЕЛ ҰСТАУ БОРЫШКЕР ЖАҒДАЙЫН ҚИЫНДАТАДЫ



Бұл жерде әңгіме қарызды кешіру немесе кредитордың заңды талабын шектеу туралы емес, қарызын өтеуге міндетті азаматтың өмір сүруіне, еңбек етуіне, табыс табуына мүмкіндік қалуы керек деген қарапайым қағида туралы.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің дерегіне сәйкес, 90 күннен астам мерзімі өткен проблемалық кредиттердің көлемі 1,8 трлн теңгеге жеткен. Әділет министрлігінің мәліметіне қарағанда, атқарушылық іс жүргізу аясында 1,5 миллионнан астам азаматтың банк шоттарына тыйым салынған. Цифрдың өзі көп нәрсені аңғартады. Статистиканың ар жағында нақты өмір бар. Бір адамның шотына жалақы, екіншісіне зейнетақы, үшіншісі әлеуметтік төлем түседі. Тағы біреуі жеке еңбегімен тапқан табысын сол шотта ұстайды. Ал шотқа шектеу қойылған кезде олардың барлығы бірдей азамат үшін қолжетімсіз болып қалуы мүмкін. Сонда азаматтың заң бойынша сақталуы тиіс ақшасы оның қолына қалай тиеді? Бұл сұрақтың жауабы қарапайым әрі түсінікті болуы тиіс. Өйткені шоттың бұғатталуы – цифрлық жүйедегі техникалық операция ғана емес. Ол адамның сол күні нан алуына, дәрісін сатып алуына, автобусқа мінуіне, коммуналдық төлемін төлеуіне әсер етуі мүмкін.

Қолданыстағы заңнамада борышкердің барлық кірісін өндіріп алуға жол бермейтін нормалар бар екен. Атап айтқанда, жалақы мен өзге де кірістерден өндіріп алу кезінде азаматтың кірісінің кемінде 50 пайызын сақтау кепілдігі қарастырылған. Сонымен бірге өндіріп алуға жатпайтын бірқатар төлемдер мен қаражат түрлері заңмен белгіленген. Демек, заң шығарушының ұстанымы түсінікті: адам қарызын өтеуі керек, бірақ қарыз үшін оның бүкіл табысын алып қоюға болмайды. Алайда цифрлық төлемдер кең тараған бүгінгі заманда заңдағы осы кепілдікті өмірде іске асырудың жаңа тетігі қажет. Өйткені мәселе енді «заңда бар ма, жоқ па?» дегеннен гөрі, «банк жүйесі оны автоматты түрде орындай ала ма?» дегенге келіп тіреледі.

Депутаттық сауалда осы мәселені шешудің бір жолы ретінде екінші деңгейдегі банктердің ақпараттық жүйелерінде «қорғалған төлем минимумы» механизмін енгізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

Механизм азаматтың заң бойынша өндіріп алуға жатпайтын немесе сақталуы тиіс қаражаты автоматты түрде анықталуы керек.Сонда шотқа шектеу қойылған күннің өзінде адамның өмір сүруіне қажетті қаражаты қолжетімді болып қала алады. Бұл жерде маңыздысы мұндай ұсыныс борышкердің қарызын жоюды көздемейді. Керісінше, адамның қаржылық өмірін толық күйретпей, оны қарызын өтеу қабілетінде ұстап қалуды көздейді. Өйткені адамның бүкіл табысын бұғаттап тастасаңыз, ол ертең жұмысқа қалай барады? Баласын қалай асырайды? Дәрісін қалай алады? Ал келесі айда қарызын қалай өтейді?

Қарызды өндіріп алудың мақсаты – адамды кедейлендіру емес, берешекті қайтару. Сондықтан өндіріп алу жүйесі осы мақсатқа жұмыс істеуі керек.

Қазақстан цифрландыруды мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты ретінде қарастырып келеді. Ендеше банк шотына шектеу қойылған кезде азаматтың заңмен қорғалатын қаражатын анықтау неге автоматтандырылмасқа? Мемлекеттік органдарда азаматтың әлеуметтік төлемдері туралы, банктерде оның шоттары мен ақша қозғалысы туралы ақпарат, сот орындаушыларында атқарушылық іс жүргізу туралы мәлімет бар.Ендеше осы ақпараттық жүйелердің арасында тиісті алгоритм қалыптастыруға болады. Бір жүйе – азаматтың қандай төлем алатынын анықтайды. Екіншісі – шоттағы қаражатты көреді. Үшіншісі – өндіріп алу жөніндегі шектеуді көрсетеді. Осының негізінде заң бойынша қорғалатын қаражат автоматты түрде бөлініп, азаматқа қолжетімді болып қалатын модель жасауға мүмкіндік бар. Мұндай жүйе адамның өзін ғана емес, мемлекеттік аппаратты да артық жұмыстан босатар еді.

Құрылтайдың қоғамдық маңызы осындай тұста көрінеді. Бұған дейін белгілі бір азаматтың жеке мәселесі болып көрінген жағдай қоғамдық деңгейдегі проблема ретінде көтеріліп отыр. Бір адамның банк шотын бұғаттау – жеке жағдай болуы мүмкін. Ал миллионнан астам азаматтың шотына шектеу қойылуы – жүйелік мәселе. Сондықтан оған жүйелік жауап керек. Бұл жерде Құрылтайдың міндеті – дайын шешімді өзі қабылдау емес. Бірақ қоғамның сұрағын мемлекеттік институттарға нақты жеткізу, оның шешілуіне түрткі болу – оның қоғамдық миссиясының бір қыры. Осы тұрғыдан алғанда, депутаттық сауал – мәселенің соңғы нүктесі емес, керісінше, нақты жұмыстың басталуы. Енді Ұлттық Банктің, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, Әділет министрлігінің және екінші деңгейдегі банктердің алдында қандай қаражат қорғалуы керек, оны ақпараттық жүйе қалай таниды, азамат ол қаражатты қанша уақытта пайдалана алады, ол үшін қосымша өтініш қажет пе деген нақты сұрақтар тұр. Егер қажет болса, неге автоматты жүйе арқылы шешілмейді?

Әрине, мәселенің екінші жағы бар. Азамат та алған несиесін қайтаруға жауапкершілікпен қарауы керек. Қаржылық сауаттылық, шамадан тыс кредит алу, бірнеше қарыздың жиналуы – қоғам болып ойланатын мәселелер. Бірақ мемлекеттің міндеті азаматтың жауапкершілігін жоққа шығару емес, сол жауапкершілікті орындауға мүмкіндік беретін әділ жағдай қалыптастыру. Егер адам өзінің негізгі табысынан айырылып қалмаса, жұмысын жалғастыра алса, күнделікті қажеттілігін өтесе, ол қарызын өтеуге де қабілетті болады. Сондықтан борышкерді қорғау мен кредитордың құқығын қорғауды бір-біріне қарсы қоюдың қажеті жоқ. Екеуінің арасында тепе-теңдік болуы тиіс.

Кейде мемлекеттің әлеуметтік саясаты үлкен бағдарламалардан ғана көрінеді деп ойлаймыз. Шын мәнінде, оның адам өміріне әсері осындай қарапайым сәттерден байқалады. Азаматтың картасына жалақы түсті. Ол дүкенге барды. Дәріханаға кірді. Коммуналдық төлемін төледі. Баласына қажетті затын алды. Осы қалыпты өмір бір батырмамен тоқтап қалмауы керек. Қарызын өндіріп алу заңды болуы мүмкін. Бірақ адамның өмір сүруіне қажетті қаражатын сақтау да заңның талабы.

Ендеше келесі қадам – осы екі талапты бір жүйеде тоғыстыру. Құрылтай отырысында көтерілген депутаттық сауалдың мәні де осында. Мәселе қарызы бар азаматты ақтап алуда емес. Мәселе – қарызы бар адамның да адам екенін ұмытпау. Ал өркениетті мемлекет үшін бұл – аса маңызды өлшем.

А. ТҰРМАҒАМБЕТОВА,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Арманай ҚАБДЕШОВА, *«ABK group» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспасөз хатшысы:*

«ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНЕ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ӨЗІНДІК МОДЕЛІ ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Қазақстан серіктестеріне не ұсынады?

– Қазақстандық тәсілдің ерекшелігі көмек тек қаржылық ресурстар берумен шектелмейді. Негізгі бағыттың бірі – адами капиталды дамыту. Қазақстан білім алуға мүмкіндік береді, серіктес елдердің мамандары мен мемлекеттік қызметшілерін оқытуды ұйымдастырады және кәсіби тәжірибе алмасуға ықпал етеді.

Тағы бір маңызды бағыт – цифрландыру. Қазақстанның электрондық үкімет пен цифрлық мемлекеттік қызметтерді дамытуда өзіндік тәжірибесі қалыптасты. Сондықтан халықаралық ынтымақтастық бағыттарының бірі қазақстандық IT шешімдерін басқа мемлекеттерге беру болды. Мысалы, 2024 жылы қазақстандық электрондық үкіметтің жекелеген модульдері Сьерра-Леоне мен Тогоға берілді. KazAID брендімен жүзеге асырылған бұл жоба Қазақстанның басқа елдерге тек тауарлар немесе қаржылық ресурстарды ғана емес, өзінің технологиялық шешімдерін де ұсына алатынын көрсетті.

Серіктес елдер үшін бұл дайын тәжірибе мен технологияларды алу мүмкіндігін білдіреді. Ал Қазақстан үшін бұл өз жетістіктерін таныстыруға және жаңа институционалдық байланыстар орнатуға мүмкіндік береді.

– Қазақстанның ДРК саласында Орталық Азия мен Ауғанстанға басымдық беруі неліктен?

Қазақстанның географиялық таңдауы заңды. Орталық Азия – Қазақстанның тікелей өңірлік ортасы. Сондықтан көршілес мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы Қазақстанның өз мүдделерімен тікелей байланысты. Қазақстанның ДРК саласындағы ресми басым бағыттарына Орталық Азия елдері мен Ауғанстан жатады. Негізгі секторлардың қатарында білім беру және ғылым, денсаулық сақтау, мемлекеттік басқару, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, экологиялық мәселелер, қауіпсіздік және басқа да бағыттар бар.



Ауғанстан жағдайында мұндай көмектің маңызы классикалық гуманитарлық ынтымақтастық шеңберінен шығады. Білім беруді қолдау, адами капиталды дамыту және халықаралық даму бағдарламаларына қатысу өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз етудің кеңірек тәсілдерінің элементтері ретінде қарастырылады.

KazAID құрылмай тұрып та Қазақстан Ауғанстанға қатысты бірқатар жобаларды жүзеге асырды. Мысалы, 2017–2018 жылдары БҰҰ Даму бағдарламасымен және Жапония Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, ауған әйелдеріне мемлекеттік басқару және денсаулық сақтау салаларында семинарлар өткізілді. Қазақстан, сондай-ақ Орталық Азия елдері мен Ауғанстаннан келген студенттерге білім беру гранттарын ұсынды.

– Қазақстанның басқа елдерге де көрсеткен көмегі аз емес болар?

– Дұрыс айтасыз. ДРК ауқымы жекелеген жобаларды ғана емес, Қазақстанның донор ретіндегі жалпы рөлін де бағалауға мүмкіндік береді. Еліміздің мемлекеттік органдарының мәліметіне сәйкес, KazAID жұмысының алғашқы бес жылында ресми көмек жобаларын қаржыландыру көлемі 183 млн АҚШ долларына жетіп, көмек географиясы 40-тан астам елді қамтыды. Осы кезеңде гуманитарлық көмектің көлемі 34 млн АҚШ долларынан асты.

Қазақстанның көмегі тек Орталық Азияға бағытталмайды. Агенттік басқа өңірлерде, соның ішінде Африка елдерінде де жобаларды жүзеге асырады. Бұл Қазақстанның ДРК жүйесінің тек өңірлік құрал шеңберінен біртіндеп шығып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен бірге Орталық Азия мен Ауғанстан Қазақстан үшін ерекше маңызын сақтап отыр.

– Мұндай көмектің ел имиджіне әсері қандай?

– Бұл көмек көрсету фактісімен ғана емес, Қазақстанның серіктестеріне нақты не ұсынатынымен байланысты. Егер мемлекет технология берсе, мамандарды оқытса, білім алуға мүмкіндік жасаса және мемлекеттік басқару тәжірибесімен бөліссе, елдер арасында кәсіби және институционалдық байланыстар қалыптасады.

Ұзақ мерзімді перспективада мұндай байланыстар бір реттік қаржылық жобаларға қарағанда тұрақты әрі ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа негіз болуы мүмкін. Мысалы, Қазақстанда білім алған маман жаңа кәсіби білім алып қана қоймайды. Ол қазақстандық институттармен, сарапшылар қауымдастығымен және мемлекеттік басқару тәжірибесімен танысады. Осылайша, білім беру бағдарламалары кәсіби дипломатия арналарының біріне айналады.

ДРК-ны дамуға жәрдемдесу құралы ғана емес, Қазақстанның халықаралық кеңістіктегі ұзақ мерзімді қатысуын қалыптастыру арналарының бірі ретінде де қарастыруға болады.

Осы ретте көмектің мақсаты мен оның ықтимал сыртқы саяси әсерін ажырату маңызды. Дамудың ресми көмегі серіктес елдердің дамуын қолдауға бағытталған, ал оның Қазақстанның халықаралық имиджіне ықпалы осындай өзара іс-қимылдың қатар жүретін нәтижелерінің бірі болып табылады.

Бұл цифрлық шешімдерге де қатысты. Технологияларды беру мамандардың өзара іс-қимылын, бағдарламалық өнімдерді бейімдеуді және кейінгі техникалық ынтымақтастықты талап етеді. Нәтижесінде жаңа институционалдық байланыстар қалыптасады. Сондықтан ДРК-ны дамуға жәрдемдесу құралы ғана емес, Қазақстанның халықаралық кеңістіктегі ұзақ мерзімді қатысуын қалыптастыру арналарының бірі ретінде де қарастыруға болады.

Осы ретте көмектің мақсаты мен оның ықтимал сыртқы саяси әсерін ажырату маңызды. Дамудың ресми көмегі серіктес елдердің дамуын қолдауға бағытталған, ал оның Қазақстанның халықаралық имиджіне ықпалы осындай өзара іс-қимылдың қатар жүретін нәтижелерінің бірі ретінде табылады.

– ДРК тиімділігін не шектеуі мүмкін?

– Дамуға ресми көмектің мүмкіндіктері кең болғанымен, оның әлеуетін асыра бағалауға болмайды. Қазақстандық модельді одан әрі нығайту үшін тұрақты қаржыландыру, институционалдық тұрақтылық, жобалардың нәтижелерін ашық бағалау және халықаралық деңгейдегі кеңірек таныстырылым қажет.

Коммуникацияның да маңызы зор. Егер мемлекет халықаралық жобаларды жүзеге асырғанымен, олар туралы кәсіби ортадан тыс жерлерде ақпарат аз болса, олардың имидждік және дипломатиялық әсері шектеулі болып қалуы мүмкін. Сондықтан KazAID-тің одан әрі дамуы жобалар санын арттырумен ғана емес, олардың өлшенетін нәтижелерін, халықаралық танымалдығын және қоғамдық коммуникация сапасын арттырумен де байланысты болуы мүмкін.

– Бұл Қазақстанға не береді?

–Дамуға ресми көмек Қазақстанға бір мезетте бірнеше міндетті шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, ол серіктес мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді. Екіншіден, Қазақстан мен басқа мемлекеттер арасындағы кәсіби және институционалдық байланыстарды нығайтады.

Үшіншіден, цифрландыру, білім беру және мемлекеттік басқару сияқты салаларда қазақстандық тәжірибені ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Ақырында, ДРК Қазақстанның өңірлік ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған кеңірек сыртқы саяси стратегиясының бір бөлігіне айналады. Осылайша, бұл жағдайда жұмсақ күш тікелей саяси қысым арқылы емес, елдің пайдалы, білікті әрі сұранысқа ие серіктеске айналу қабілеті арқылы көрінеді.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СОТ СӨЙЛЕСІН

ҚҰҚЫҚТЫҚ ӨЗГЕРІС ҚОҒАМҒА ҚОЗҒАУ САЛАДЫ

Заңдардың өзгеруі, толықтырылуы – қажетті, міндетті үрдіс. Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекстегі жаңғыртулар заңдық өзгерістердің қоғамның өсуіне, алға жылжуына қозғау салатынын көрсетіп отыр. Мұндай жаңғыртулардың қолға алынуына бірнеше фактор түрткі болады.

Ең алдымен қылмыстық заңнаманы жаңғырту қоғамдағы жаңа қылмыс түрлерінің пайда болуымен тығыз байланысты. Әсіресе, бүгінгідей жаңа технологияның жан-жақты қолданылып, жасанды интеллекттің күнделікті өміріміздің бір бөлшегіне айналуы цифрлық қауіп-қатердің көбеюіне түрткі болып отырғаны шындық. Сандық технологияның кесірінен азаматтар бұрын-соңды естімеген интернет-алаяқтық, хакерлік шабуыл, жеке мәліметтерді ұрлау, активтерді заңсыз айналымға салу және жылыстату секілді қылмыстармен бетпе-бет келді. Ал мұндай заманауи құқықбұзушылықтарға тосқауыл қоюдың жалғыз кепілі – заң.

Заңға өзгеріске енгізуге түрткі болатын келесі себеп – қылмыстық саясаттың бағыты. Мәселен, қоғамдағы кейбір қылмыстардың тым көбеюі, сондай-ақ құқық бұзушылықтар статистикасының төмендеуі баптарды гуманизация талабына сай изгілендіруге немесе жауаптылықты қатайтуға негіз болып жатады.

Бұдан бөлек заңды дайындауда байқалмаған шикіліктер мен қайшылықтардың тәжірибе барысында айқындалатын кезі көп. Мұндай кем-кетік те қолданыстағы құжаттарға өзгеріс енгізуді қажет етеді. Сонымен қатар халықаралық стандарттар мен келісімшарттар барысында қол қойылған келісімдер ортақ талапқа сай заңдарды бейімдеу міндеттілігі туындайды. Ал әлеуметтік және экономикалық өзгерістер қылмыстық шығын мөлшерін қайта есептеуді қажет ететіндіктен заңнамаға түзету енгізу қажеттілігін тудырады. Ең бастысы – қоғамдық сұраныс. Мемлекет басшысы айтқан «халық үніне құлақ асатын мемлекетте» халықтың наразылығы немесе резонанстық қылмыстардың туындауы заңды жедел түрде қайта қарауға итермелейтініне барша халық куә.

Қолданыстағы Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекстің жаңғыруына да цифрлық технология мен халық талабы түрткі болған еді. Соңғы түзетулер негізінен азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, заңсыз әрекеттердің жаңа түрлерімен күресуге және сотқа дейінгі тергеу амалдарын оңтайландыруға бағытталды. Мәселен жедел медициналық көмек беруге келген дәрігерлерге азаматтардың күш қолдануы, қоқан-лоқы жасап, өз кәсіби міндетін атқаруына кедергі келтіруі Қылмыстық кодекстегі 380-3-баптың жаңғыруына ықпал етті. Осылайша өз міндетін атқарып жатқан медицина қызметкерлеріне күш қолданған, кедергі келтірген тұлғаларға берілетін жауапкершілік күшейтілді. Енді кінәлі тұлғалар айыппұлдан бастап бас бостандығынан айыруға дейін жаза арқалайды.

Бұған қоса қоғамдағы заманауи қауіп-қатерлерді реттейтін бірнеше жаңа бап қарастырылып отыр. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 115-1-бабына сай енді адамды құдалап, психологиялық қысым көрсеткендер сталкинг жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Қыздарды еркінен тыс алып қашып, некеге тұруға мәжбүрлегендер де жазасыз қалмайды. Бұрын қалыпты үрдіске айналып, қазақы дәстүр саналған бұл құқық бұзушылық салдарынан талай қыздардың тағдыры бүлінгені анық. Ал заңдағы өзгеріске сай бүгінде Қылмыстық кодекстің 125-1-бабына сай қылмыс жасағандарға жаза қатайтылды.

Дропперлік те бүгінгі заман қауіп-қатерлерінің алдын алу, кінәлілерді жазалау мақсатында Қылмыстық кодекске енгізілген жаңашылдықтар қатарында. Қылмыстық кодекстің 232-1-бабына сай банк карталары мен шоттарын заңсыз қаржылық схемаларды жүзеге асырып, табыс табу үшін басқа тұлғаларға бергендер мен пайдаланғандар енді қатаң жауаптылыққа тартылады.

Қылмыстық-процестік кодекс те өзгерістен тыс қалмады. Жаңашылдыққа сай тергеуді оңтайландыру мен дебюрократизациялау бағытында ізденіс жасалуда. Соның нәтижесінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру тәртібі жеңілдетілді. Қылмыстық істерді жүргізуді толықтай электрондық форматқа көшіру және процесті цифрландыру шаралары жалғасуда. Осының бәрі елімізде заң үстемдігін орнатып, қылмыс орбитасына ілінген азаматтардың өз әрекетіне сай жазасын алуына ықпал етпек.

Гүлфайрус ҚОЙБАҒАРОВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ПІКІР

ҰЛТ ТАҒДЫРЫ – ҰРПАҚ ҚОЛЫНДА

Тіл – ұлттың рухани қазынасы, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті мен тарихын сақтайтын баға жетпес құндылық. Ана тілі арқылы әр халық өзінің салт-дәстүрін, дүниетанымын, ұлттық болмысын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді.

Қазақ халқы үшін ана тілі – ел тәуелсіздігімен, ұлттық санамен және рухани бірлікпен тығыз байланысты. Тілді дамыту – тек мемлекеттің немесе белгілі бір мекеменің міндеті емес. Бұл – әр азаматтың ортақ жауапкершілігі. Ана тілін құрметтеу отбасынан басталады. Бала ең алдымен ата-анасынан туған тілін үйренеді. Үйде қазақша сөйлеп, кітап оқып, ұлттық мәдениетті дәріптеген отбасы елдің тілдік болашағына үлкен үлес қосады.

Қазіргі таңда қазақ тілінің қолданылу аясы кеңейіп келеді. Мемлекеттік тіл – білім беру, ғылым, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және қоғамдық өмірдің көптеген саласында қолданылуда. Дегенмен, тілдің шын мәнінде өміршең болуы үшін оның тек ресми ортада ғана емес, күнделікті қарым-қатынаста да кең қолданылуы маңызды. Тілді сақтау – оны білу ғана емес, оны құрметтеп, тұрақты түрде қолдану.

Ұлттың болашағы – жас ұрпақтың қолында. Сондықтан жастардың қазақ тілін еркін меңгеруі оны заманауи ғылымда, технологияда, шығармашылықта және күнделікті өмірде қолдануы аса маңызды. Тілі бар халықтың рухы да, тарихы да, ұлттық болмысы да сақталады. Ана тілімізді ардақтау – өткенімізді құрметтеу ғана емес, болашағымызды қорғау. Сондықтан қазақ тілін сақтау, дамыту және оның мәртебесін көтеру – баршамызға ортақ міндет.

Айгүл СҰЛЕЙМЕНОВА,
Көкшетау қаласы мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің басшысы

СУДЬЯ МІНБЕРІ

СОТТЫЛЫҚТЫ **ДҰРЫС ТАҢДАУДЫҢ** МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЕРЕКШЕ

Қазақстан Республикасының сот жүйесінде соттылық ұғымы – әрбір азаматтың сотқа жүгіну құқығын жүзеге асырудың, әділ сот төрелігіне қол жеткізудің және істерді дұрыс сот органының қарауына жатқызудың кепілі. Конституция әркімнің өз құқығы мен бостандығының сотта қорғалуына кепілдік береді. Дұрыс таңдалған соттылық азаматтардың әуре-сарсаңға түспей, өз ісін заңды түрде қарауға қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Еліміздегі реформалар нәтижесінде ювеналды соттардың рөлі мен қаралатын істер аясы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. 2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған соттар негізінен балалардың құқығы мен мүддесін қорғауға қатысты тар шеңбердегі істерді қарады. Олардың қатарына ата-ана құқығынан айыру немесе шектеу, бала асырап алу, алимент мөлшерін азайту сияқты жекелеген отбасылық-құқықтық даулар кіреді. Алайда отбасы мен бала тәрбиесіне тікелей немесе жанама қатысы бар мүліктік, алименттік және басқа да көптеген азаматтық даулар жалпы юрисдикциядағы аудандық (қалалық) соттардың қарауына қалдырылған болатын.

Мемлекет басшысының бастамасымен процестік заңнаманы жетілдіру аясында 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап ювеналды соттардың соттылығы мен құқықтық өкілеттіктері кеңейтілді. Бұл өзгерістің негізгі мақсаты – отбасылық дауларды кешенді түрде қарау.

Неке-отбасылық қатынастар арасында көп кездесетіні – некені бұзу істері. Азаматтық процестік кодекстің (бұдан әрі – АПК) 29-бабы 1-бөлігіне сай, талап қоюлар жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. АПК-нің 30-бабы 7-бөлігіне сай, некені бұзу туралы талап қоюлар өзімен бірге кәмелетке толмаған балалары бірге тұратын талап қоюшылардың тұрғылықты жері бойынша берілуі мүмкін. Яғни, некені бұзу туралы істер талап қоюшының да, жауапкердің де тұратын жеріндегі сотқа берілуі мүмкін.

Талап қоюшыларға осындай соттылықты таңдау құқығы әкелікті анықтау және алиментті өндіру туралы талап қоюларда да берілген. Ал өзге талап қоюлар тек жауапкердің тұрғылықты жерінде орналасқан ювеналды сотқа берілуі тиіс.

Осы тұста АПК-нің 27-бабы 3-бөлігінде көзделген: «Ювеналды соттың соттылығына жатқызылған істер кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің өтінішхаты бойынша баланың тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) сотта (Астана, Алматы, Шымкент және облыс орталығындағы орналасқан соттарды қоспағанда) қаралуы мүмкін немесе оған берілуі мүмкін» деген шартты айтпай кетуге болмас. Яғни кәмелетке толмағанның заңды өкілінің қалауына сай ювеналды соттар қарайтын істер аудандық соттарда да қаралуы мүмкін. Ол өз кезегінде шалғай аудандарда орналасқан адамдар үшін өте маңызды, сот процестеріне қатысуға өзінің тұрғылықты жерінен облыс орталығында орналасқан ювеналды сотқа қатынаудың қажеттілігі болмайды. Сот отырысына қатысушы азаматтардың уақыты да, қаражаты да үнемделеді және жолда болуы мүмкін келеңсіз оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік болады.

Неке қатынастарына қатысты жиі кездесетін істің бірі – жұбайын немесе бұрынғы жұбайын күтіп-бағуға арналған алимент өндіру туралы талап қоюлар. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінің 147-бабының талабына сай, ерлі-зайыптылар бірін-бірі материалдық жағынан қолдауға міндетті. Мұндай қолдаудан бас тартқан



және ерлі-зайыптылар арасында алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда, алимент төлеуге қажетті қаражаты бар екінші жұбайдан:

1) еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайын;

2) жүктілігі кезеңінде және ортақ баласы туған күннен бастап үш жыл бойы зайыбының;

3) мүгедектігі бар ортақ баланы он сегіз жасқа толғанға дейін бағып-күтуді жүзеге асырып отырған, сондай-ақ он сегіз жасқа толған соң мүгедектігі бар ортақ балаға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда көмекке мұқтаж жұбайының сот тәртібімен алимент беруді талап етуге құқығы бар.

Бала үш жасқа толғанға дейін жұбайын (бұрынғы жұбайын) күтіп-бағуға алимент өндіру туралы талап қоюлар, егер олар балаларға алимент өндіру туралы талаптардан дербес қойылған болса, жалпы юрисдикция соттарында қаралуға жатады. Себебі, жұбайын (бұрынғы жұбайын) асырап-бағуға арналған алименттік төлемдер тікелей баланың мүддесін қозғамайды және тек баланың ата-анасы арасындағы құқықтық қатынастарға қатысты. Сондықтан, аталған санаттағы істер талап қоюшының не жауапкердің тұрғылықты жеріндегі аудандық не қалалық соттарда қаралуы керек.

21 жасқа дейінгі білім алушы балаларды күтіп-бағуға өндіріп алу туралы істер бойынша соттылықты айқындау практикада қиындық туғызбауға тиіс. Өйткені оларға аумақтық соттылықтың жалпы ережесі қолданылады: АПК-нің 29-бабы 1-бөлігіне сәйкес талап жауапкердің тұрғылықты жері бойынша қойылады.

АПК-нің 27-бабының 3-бөлігі бойынша әке болуды анықтау және алимент өндіріп алу туралы істер кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жатқызылған. Осы қағида әке болуды анықтау туралы дербес талап қойылған жағдайда да қолданылады.

Әке болуды анықтау және алимент өндіріп алу туралы талап қоюлар кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің өтінішхаты бойынша (Астана, Алматы, Шымкент және облыс орталығындағы орналасқан соттарды қоспағанда) баланың тұрғылықты (болатын) жеріндегі аудандық (қалалық) сотта қаралуы мүмкін немесе оған берілуі мүмкін. Осылайша істі заңды түрде қарау үшін соттылықты дұрыс таңдаудың маңыздылығы ерекше. Әр азамат өзінің соттылықты таңдау құқығын білуі қажет және олардың аталған құқықтарын шектеуге жол берілмеуі тиіс.

Е.ӘМРЕБЕКОВ,
Ақтөбе облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ТҮЙКІЛ

ЛОГИСТИКАНЫ ЦИФРЛАНДЫРУДА МӘСЕЛЕ БАР

Алматыда логистиканы цифрландыру мәселелеріне арналған дәстүрлі LogiTrends Kazakhstan 2026 конференциясы өтті. Саладағы трендтерге, цифрлық шешімдер мен қауіпсіздік мәселелеріне арналған бұл шараға Көлік министрлігі, Еуразиялық экономикалық комиссия, салалық қауымдастықтар, көлік-логистикалық компаниялар өкілдері, жүк иелері, экспедиторлар және IT-шешімдерді әзірлеушілер қатысты.



LogiTrends – ТМД елдерінде ATI.SU логистикалық платформасы ұйымдастыратын халықаралық салалық іс-шаралар сериясы. Бұл конференция Алматыда осымен екінші рет ұйымдастырылып отыр. Онда көлік саласын цифрландыру, нормативтік өзгерістер, электронды құжаттар мен электронды бақылау пломбаларын қолдану, халықаралық тасымалдарды дамыту, автоматтандыру, жасанды интеллект және кадрларды даярлау мәселелері талқыланды.

«Көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесіне (ESUTD) қатысты ереже бірнеше жыл бұрын қабылданған болатын. Алайда жүйенің де, нарықтың да дайын болмауына байланысты оны енгізу жыл сайын кейінге қалдырылып келді. Енді 2027 жылдың 1 маусымынан бастап жол парақтары мен жүккұжаттарын тіркеу міндетті болады. Дегенмен, жүйе қазірдің өзінде ерікті негізде жұмыс істеп тұр. Бұл тасымалдаушыларға құжаттарды ұсынуға және осылайша бізге кемшіліктерді анықтап, шешуге көмектесуге мүмкіндік береді. Біз биылғы жылды нарықпен, қауымдастықтармен және салалық платформалармен бірлесе отырып, процестерді жетілдіруге және жүйені барынша ыңғайлы етуге арналған өтпелі кезең ретінде пайдаланып жатырмыз», – деді Көлік вице-министрі Дамир Қожахметов «Бизнестің процестерді цифрландыруға дайындығы» тақырыбындағы панельдік пікірталаста.

Бизнестің жаңа цифрлық құралдарға көшу кезіндегі қиындықтарын, тасымалдаушылар мен жүк иелерінің алдында тұрған міндеттерді және олардың салалық ережелердегі өзгерістерге қалай бейімделе алатынын талқылаған сарапшылар еліміздің логистиканы цифрландыруға дайындығын 10 балдық көрсеткішпен есептегенде 6-дан аспайды десе, министрлік оны 7 деп отыр. Яғни, 2025 жылы енгізілуі тиіс болғанымен, мерзімі жыл сайын кейінге шегеріліп келе жатқан Көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесіне қатысты ереженің қолданысқа енуіне дайындық қазір 60-70 пайыздан аспай отыр. Алда 9 ай уақыт бар.

«MK-Global logistics» ЖШС-нің негізін қалаушы Зарина Манаптың айтуынша, логистикадағы цифрландыру заман талабы. Егер біз бұл үрдісте өзгелерден кешіксек нарықтағы өз орнымызды жоғалтамыз. Өйткені тасымалдау қызметінде отандық компаниялардың табысы 15-20 пайыздан аспайды. Олар шетелден импорттық тауарларды әкелу кезінде кейде бос баруға мәжбүр болып отыр. Сондықтан логистикадағы құжаттарды міндетті цифрландырудың басым тұстары барлық мүдделі тараптар үшін көбірек. Сондықтан анау қалып қалыпты, мынау қалыпты деп, әркімге бір жалтақтай беруге болмайды. «Көш жүре түзеледі» дегендей заңнама мен нормативтік құжаттарға қандай да бір өзгерістер мен түзетулер қажет болса, оны өз ретімен жүзеге асыруға болады. Егер логистикадағы цифрландыру бір жүйеге түсетін болса, жүк тасымалын қамтамыз етудегі құжаттарды рәсімдеуге жұмсалатын уақыт айтарлықтай қысқарып, бұл тасымалданатын жүк пен көліктің санына да өз әсерін тигізетін болады.

Жалпы Көлік министрлігінің соңғы шешімдеріне сәйкес, 2027 жылы күтілетін негізгі жаңалықтар мен өзгерістер мыналар:

1. ESUTD жүйесіне міндетті тіркеу басталады. Көлік министрлігінің бұйрығымен жол парақтары мен тауар-көлік жүккұжаттарын (ТТН) ESUTD мемлекеттік жүйесінде міндетті түрде тіркеу талабы 2027 жылғы 1 маусымға дейін шегерілмек. Оған дейін тасымалдаушылар мен жүк жөнелтушілер құжаттарды ESUTD жүйесіне енгізуден уақытша босатылған (құжаттарды қағаз жүзінде немесе қарапайым электронды форматта жүргізе беруге болады). Яғни, 2027 жылғы 1 маусымнан кейін: салмағы 3,5 тоннадан асатын жүк көліктеріне арналған барлық ТТН мен жол парақтарын мемлекеттік жүйеге міндетті түрде тіркеу ережесі толық күшіне енеді деп жоспарлануда.

2. 2027 жылдан бастап Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы халықаралық автомобиль тасымалы бойынша қағаз бланкілерден толықтай бас тартылады. Екі ел жүк тасымалына рұқсат беру процесін тек электрондық форматқа көшіреді.

3. Инфрақұрылымның цифрлық транзиті. 2027 жылдың соңына қарай Қазақстандағы барлық негізгі шекаралық өткізу пункттерін (кеден бекеттерін) модернизациялау және оларды толық цифрлық бақылау жүйелерімен жабдықтау аяқталуы тиіс. Бұл «SmartCargo» және электрондық кезек секілді цифрлық платформалардың жұмысын жеделдетіп, шекарадағы кептелістерді азайтуға бағытталған.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОЙТАМЫЗЫҚ

Құқықтық мәдениет – қоғамның өркениетті дамуының маңызды көрсеткішінің бірі. Заң үстемдігі орныққан, азаматтары өз құқықтары мен міндеттерін жақсы білетін мемлекетте қоғамдық тәртіп пен тұрақтылық та жоғары деңгейде болады. Сондықтан құқықтық мәдениетті қалыптастыру және оны халық арасында кеңінен насихаттау – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫЗ?

Құқықтық мәдениет дегеніміз – азаматтардың заңды білуі, оны құрметтеуі, құқықтары мен міндеттерін түсінуі және заң талаптарын күнделікті өмірде сақтауы. Бұл ұғым тек құқықтық біліммен шектелмейді. Ол адамның құқыққа деген көзқарасын, жауапкершілігін және өзге азаматтардың құқықтарын құрметтеуін де қамтиды. Құқықтық мәдениеті жоғары азамат өз құқықтарын қорғаумен қатар, қоғам алдындағы міндеттерін де жақсы түсінеді. Мысалы, заң талаптарын сақтау, қоғамдық тәртіпті бұзбау, басқа адамдардың ар-намысы мен құқықтарына құрметпен қарау – әр азаматтың жауапкершілігінің көрінісі.

Құқықтық мәдениетті насихаттаудағы басты мақсат құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Азамат заң талаптарын жақсы білген сайын, заңсыз әрекеттің салдарын да түсінеді. Осы арқылы құқық бұзушылықтың алдын алуға және қоғамдағы тәртіпті нығайтуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар, құқықтық сауаттылық азаматтарға өз құқықтарын тиімді қорғауға көмектеседі. Еңбек, білім алу, әлеуметтік қамсыздандыру, тұрғын үй, тұтынушы құқықтары сияқты көптеген мәселелер бойынша азамат өзінің қандай құқықтарға ие екенін білуі қажет.

Құқығы бұзылған жағдайда қай мемлекеттік органға жүгіну керектігін және мәселені заң аясында қалай шешуге болатынын білу де – құқықтық мәдениеттің маңызды бөлігі. Бұл бағыттағы жұмыста жастардың құқықтық тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген жөн. Өйткені жас ұрпақ – елдің болашағы. Мектептер мен жоғары оқу орындарында құқықтық білім берумен қатар пікірталастар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және түсіндіру кездесулерін ұйымдастыру тиімді нәтиже береді. Қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін де тиімді пайдалану қажет. Әлеуметтік желілер мен интернет-платформалар арқылы заңнамалардағы өзгерістерді, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін қарапайым әрі түсінікті тілде түсіндіру халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыруда мемлекеттік органдармен қатар, отбасының, білім беру ұйымдарының және жалпы қоғамның рөлі зор. Заңды құрметтеу ең алдымен адамның күнделікті мінез-құлқынан көрінуі тиіс. Әр азамат «Менің құқығым бар» деген түсінікпен бірге «Менің міндетім мен жауапкершілігім бар» деген қағиданы да ұстануы қажет.

Қоғамда заңға құрмет қалыптасқан кезде азаматтар мәселелерді күшпен немесе заңсыз жолмен емес, құқықтық тәсілдер арқылы шешуге ұмтылады. Бұл өз кезегінде әділдік қағидаттарын нығайтып, мемлекет пен азамат арасындағы сенімді арттырады.

Құқықтық мәдениеті жоғары қоғам – заңды құрметтейтін, өз құқығын білетін және өзгенің құқығына құрметпен қарайтын қоғам. Сондықтан құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған жұмыстарды тұрақты түрде жүргізу – баршамызға ортақ міндет.

Қарлығаш ЕЛАМАНОВА,
Атырау қаласы мамандандырылған тергеу соты әкімшісі басшысының орынбасары

№ 77 (3904)
13 қазан 2026 жыл
zangazet@mail.ru

КИЕ

ТҰТАСТЫҚ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Тәуелсіз мемлекетіміздің басты белгісінің бірі – мемлекеттік тіл. Ол еліміздің ғасырлар бойы жалғасқан рухани мұрасы ғана емес, мемлекеттің тұтастығы мен негізгі қағидаттарын анықтайтын маңызды ұғым.



Айжан БАҚКЕЛДИНОВА, Абай облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Қазақ тілі ғасырлар бойы халқымыздың дәстүрі, діні, тілі, мәдениеті мен өнерінің қайнар көзі ғана емес, заманауи қоғамда – білім мен ғылым, басқару мен заң шығару, экономика мен бұқаралық ақпарат саласының басты ресурсына айналды. Әр саланың кәсіби терминологиясы қалыптасып, өмірдің барлық саласында кеңінен қолданылып келеді. Қай сала қызметкері болмасын, мемлекеттік тілді меңгеріп қана қоймай, еркін қолдану бүгінгі заман талабына айналып отыр.

Сот төрелігі қызметкері ретінде, еңбек өтілі көрсеткен тәжірибеге сүйенсек, қазақ тілінде сот ісін жүргізу – қаралып жатқан істің мән-жайын толық түсініп қоюға ғана емес, заң талаптарын орындау мен азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етудің бір көрінісі. Сонымен қатар, әрбір маман білімін ана тіліндегі кітаптар арқылы жетілдіріп отыруы абзал.

Кітап оқу – бұл жай ғана «мен ақылды болу үшін кітап оқып жүрмін» деген мақсатта болмау керек. Кітап оқу ол – басқа адамдардың өмірін сүріп көру, тәжірибесін бойға жинақтау.

Сот – әділдік пен заңдылықтың, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың маңызды институты. Сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін арттырады. Себебі сот процесіне қатысушы тұлға істің мән-жайын, өзінің құқықтары мен міндеттерін, соттың ұстанымын және қабылданған шешімнің мазмұнын толық түсінуі қажет. Өз ойын туған тілінде еркін жеткізе алатын азамат үшін сот процесі де түсінікті әрі қолжетімді болмақ.

Сот ісіндегі әрбір сөздің құқықтық салмағы бар. Бір ғана терминнің дұрыс қолданылмауы белгілі бір құқықтық ұғымның мағынасына әсер етуі мүмкін. Сондықтан мемлекеттік тілдегі сот құжаттарының сапасын орынды пайдалану аса маңызды. Талап-арыздар, арыздар, өтініштер, сот хаттамалары, қаулылар, шешімдер мен үкімдер сауатты әрі түсінікті тілде жазылуы тиіс.

Судья мен сот қызметкері үшін мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгеру – қызметтік міндетті орындаудың ажырамас бөлігі. ҚР Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бекітілген. Бұл – мемлекеттік тілдің қоғамдағы мәртебесін айқындайтын негізгі конституциялық норма. Демек, қазақ тілінің сот төрелігі саласында қолданылуы – тек халықтық мәселе ғана емес, ол заң талаптарын орындау мен азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етудің заңды көрінісі.

Мемлекеттік тілдің сот жүйесінде кеңінен қолданылуы – үздіксіз ізденісті, кәсіби жауапкершілікті және жүйелі еңбекті қажет ететін ұзақ мерзімді процесс. Бүгінгі жас заңгерлердің қазақ тілін жетік меңгеруі, құқықтық сауаттылығының жоғары болуы – сот жүйесінің мәртебесіне тікелей әсер етеді деген ойдамын.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Қазақ тілінде бір ауыз сөз айта алмау – білімсіздіктің белгісіне айналды» деген сөзі халықты тілімізді қадірлеуге шақыруы деп білемін. Сондықтан сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу – уақыт талабы ғана емес, тәуелсіз еліміздің болашағына жасалған маңызды қадам. Мемлекеттік тілдің сот төрелігінің толыққанды тіліне айналуы – ұлттық құндылықтарды дәріптеумен қатар, құқықтық мемлекетті нығайтуға қызмет етеді. Мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі қолданысын кеңейту – баршамызға ортақ міндет.

Судьяның, сот қызметкерінің, адвокаттың, прокурордың және әрбір заңгердің мемлекеттік тілге деген жауапкершілігі артқан сайын қазақ тілінің құқықтық кеңістіктегі орны да нығая түспек.

ӨЗЕК

Мемлекеттік тіл – ұлттың рухани тұтастығын айқындайтын басты құндылықтардың бірі. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол халықтың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын және ұлттық болмысын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін маңызды рухани мұра. Сондықтан мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – қоғамның әрбір мүшесіне ортақ міндет әрі ел болашағына жасалған маңызды қадам.

САУАТТЫ СОТ АКТІСІ – СЕНІМ КӨРСЕТКІШІ



Айгүл ҚАРЖАНОВА, Ақтөбе қалалық сотының судьясы

Сот саласының өкілі ретінде мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі, оның ішінде сот төрелігін жүзеге асырудағы орны ерекше екенін атап өткен жөн. Сот – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделері қорғалатын, заң талаптары орындалатын маңызды мемлекеттік институт. Осы тұрғыдан алғанда, сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің қолданылуын кеңейту – заң талаптарын орындаумен қатар, халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттырудың да бір тетігі.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту тек мемлекеттік органдардың немесе жекелеген мекемелердің міндеті ретінде қарастырылмауы тиіс. Бұл – бүкіл қоғам болып жүзеге асыратын ортақ іс. Әсіресе, мемлекеттік қызметшілер мен құқық саласының мамандарына жүктелер жауапкершілік жоғары.

Сот жүйесінде қазақ тілін кеңінен қолдану үшін, ең алдымен, құқықтық терминологияны біріздендіру, заңнамалық актілердің қазақ тіліндегі сапалы әрі түсінікті болуын қамтамасыз ету, сот қызметкерлерінің тілдік құзыретін арттыру маңызды. Сонымен бірге азаматтардың өз құқықтарын мемлекеттік тілде еркін қорғауына қолайлы жағдай жасалуы қажет.



Қазақ тіліндегі сапалы сот актісі қарапайым азаматқа заңның мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді. Ал сот шешімінің түсінікті болуы – әділ сот төрелігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Сондықтан мемлекеттік тілдің сот жүйесінде кеңінен қолданылуы тек тіл саясатының мәселесі емес, ол құқықтық мәдениетті қалыптастыруға да тікелей ықпал етеді.

Судья үшін тіл – кәсіби құрал. Заң нормасының мазмұнын дұрыс түсіну, оны нақты әрі әділ қолдану, сот актісін сауатты әрі түсінікті жазу – судья қызметінің ажырамас бөлігі. Мемлекеттік тілде сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заң талаптарының мәнін дәл жеткізу мен құқықтық ұғымдарды дұрыс қолданудың маңызы айрықша.

Қазақ тіліндегі сапалы сот актісі қарапайым азаматқа заңның мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді. Ал сот шешімінің түсінікті болуы – әділ сот төрелігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Сондықтан мемлекеттік тілдің сот жүйесінде кеңінен қолданылуы тек тіл саясатының мәселесі емес, ол құқықтық мәдениетті қалыптастыруға да тікелей ықпал етеді.

Бүгінде мемлекеттік тілді меңгеруге деген қоғамдық қызығушылық артып келеді. Бұл үрдісті қолдау үшін мемлекеттік мекемелерде қазақ тілінде қызмет көрсету сапасын арттырумен қатар, әрбір маманның өз саласына қатысты терминологияны еркін меңгеруіне жағдай жасау қажет. Құқық саласында бұл талаптың маңызы тіпті жоғары, себебі заңдағы бір сөздің өзі құқықтық салдарға әсер етуі мүмкін.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің ең тиімді жолы – оны күнделікті кәсіби қызметте табиғи әрі тұрақты қолдану. Тілді тек мерекелік іс-шараларда немесе арнайы науқандар кезінде емес, күн сайын қызмет барысында пайдалану арқылы оның өміршеңдігін қамтамасыз етеміз.

Әрине, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бір күнде жүзеге асатын үдеріс емес. Бұл бағытта жүйелі жұмыс, кәсіби жауапкершілік және ең бастысы, әр азаматтың ішкі ұстанымы қажет. Тілді дамытуға жасалған әрбір қадам – елдің болашағына жасалған қадам.

Сот төрелігінің басты мақсаты – адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету және әділ шешім шығару. Ал осы мақсатқа жетуде мемлекеттік тілдің мүмкіндігін барынша пайдалану – біздің кәсіби әрі азаматтық парызымыз.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – бір ғана мекеменің немесе белгілі бір сала мамандарының міндеті емес. Бұл – елдігімізді нығайтатын ортақ құндылық. Қазақ тілінің құқықтық кеңістікте орнығуы арқылы біз заңды құрметтейтін, құқықтық мәдениеті жоғары және ұлттық құндылықтарын бағалайтын қоғам қалыптастыруға өз үлесімізді қоса аламыз.

Тілге деген құрмет – елге деген құрмет. Ал мемлекеттік тілді кәсіби қызметімізде кеңінен қолдану – осы құрметті нақты іспен көрсетудің ең тиімді жолдарының бірі.

БАҒДАР

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ АЯСЫ КЕҢІДІ

Конституцияда Қазақстандағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп көрсетілген. Қазақ тілі – осы ұланғайыр жерді мекендейтін кез келген азаматтың туған тілі, мемлекеттің ең қастерлі қазынасы. Қазақстандағы өзге ұлт өкілдерінің де ана тілдері мемлекет тарапынан қорғалған, сот тәжірибесінде шағым беруші өзі қалаған тілде сот процесінің тілін таңдай алады. Бұл – демократиялық, зайырлы елдің ұстанымы.



Ринат САҚАНОВ, Шығыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Қылмыстық-процестік кодекстің 24-бабына сәйкес, сот прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты толық және объективті зертеу үшін заңда кезделген барлық шараларды қолдануға міндетті.

Ал, осы кодекстің 26-бабына сәйкес, қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіге, айыпталушыға олардың құқықтарын түсіндіруге және олардың күдіктен, айыптаудан заңда тыйым салынбаған барлық құралдармен қорғану мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың жеке бас құқықтары мен мүліктік құқықтарын қорғауға шаралар қолдануға міндетті.

Айыпталушының, сотталушының өзін-өзі қорғау үшін ең қажетті жағдай, ол оның өзінің жетік білетін тілінде өз ойын, көрген, білгенін тергеушіге, сотқа жеткілікті түрде түсіндіріп беру мүмкіншілігі.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады. Іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер және айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар беру, сот актілеріне дау айту, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу; Қылмыстық-процестік кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсететін қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын адамдарға істің олар үшін қажетті, басқа тілде жазылған материалдарын қылмыстық сот ісін жүргізу тіліне аудару тегін қамтамасыз етіледі. Сот процесіне қатысатын адамдарға сотта айтылғандардың басқа тілде болған бөлігінің сот ісін жүргізу тіліне аудармасы өтеусіз қамтамасыз етіледі. Қылмыстық процесті жүргізетін органдар процеске қатысушыларға осы кодекске сәйкес оларға сот ісін жүргізу тілінде табыс етілуге тиіс құжаттарды табыс етеді. Бұл ретте қылмыстық сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар үшін құжаттардың сот ісін жүргізудің осы адамдар таңдаған тілінде жазылған, куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

Атап айтқанда, қылмыстық процесс жүргізу тілін анықтау алдын ала тергеу амалдарын жүргізуші органға жүктеледі. Яғни, іс материалдары қандай тілде әзірленсе, сот ісін жүргізу тілі де сол анықталған тілде болмақ. Бұл норма сотқа қатысушы тараптардың тілге қатысты құқығын шектейді деген ұғым емес. Егер сот отырысында сот тілін өзгерту қажет болса, сот уәжді қаулымен алдын ала тергеу орны анықтаған тілден басқа тілге аударуға құқылы.

Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Ал, мемлекеттік органдар ана тілімізді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға атсалысуы қажет. Жергілікті органдар ана тілінің деңгейін көтеру, мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруге қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға міндетті.

Қазіргі уақытта мемлекеттің тарапынан қазақ тілін қылмыстық процесте қолдануға барлық жағдайлар жасалған, өкінішке орай, статистикалық көрсеткіштер құқық қорғау саласында қазақ тілінің тиісті деңгейде қолданылмайтынын көрсетеді.

ПӘРМЕН

2026 жылы Қазақстанда алимент бойынша жалпы қарыз көлемі 19 миллиард теңгеге жетті. Ал ұл-қызының алдындағы қарызын төлеуден жалтарып жүргендер саны 232 мыңнан асты. Бұл – үлкен мәселе. Себебі, алимент – толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалар үшін айтарлықтай қаржылық көмек. Мұндай төлем әкенің, ананың орнын алмастыра алмағанымен, балалардың белгілі бір қажеттілігін өтеуге көмектеседі.

АЛИМЕНТ ӘКЕ МЕН АНАНЫҢ ОРНЫН АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ

2026 жылы Қазақстанда алимент төлеуден жалтарғаны үшін мыңдаған азамат заң алдында жауапқа тартылды. Соның ішінде жыл басынан бері елде алимент бойынша берешегі үшін 3,5 мыңға жуық адам әкімшілік жауапкершілікке тартылса, алиментті қасақана төлеуден қашқан 290-нан астам борышкердің үстінен Қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша іс қозғалған. Қазіргі уақытта сот орындаушылар өндірісінде 322 мыңға жуық алиментке байланысты іс бар. Борышкерлердің 311 мыңнан астамы – ер адам болса, 11 мыңнан астамы – әйелдер екенін де айта кеткен жөн.

Елімізде алимент бойынша қарызды дер кезінде төлетудің тетіктері тұрақты бақылауда. Бала алдындағы ата-ана жауаптылығын еске салу мақсатында түрлі челлендждер ұйымдастыру, көрнекі жерлерге берешекті беруге үндейтін билбордтар орналастыру, борышкерлермен түсіндіру жұмыстарын жүргізу – бұрыннан жалғасып келе жатқан шаралар қатарында. Алайда, мұндай ескертулерден сабақ алып, қарызын уақытында төлеп тұруға ұмтылып жатқан борышкерлер көп дей алмаймыз.

Әкімдік пен кәсіпкерлер, жеке сот орындаушылар палатасы ұйымдастыратын бос орындар жәрмеңкесі де – жұмыссыз борышкерлерге тұрақты жұмыс тауып берудің мүмкіндігі.



Ғалым ДАСТАНОВ,
Алматы облысы
Әділет департаментінің
Талғар ауданы бойынша мәжбүрлеп
орындату аумақтық бөлімінің
аға сот орындаушысы

Осы жеңілдікті пайдаланып жұмысқа тұрып, берешегін шетінен қайтаруға талап жасап жатқандардың көбейгені қуантады.

Алимент өндіруге қатысты талап пен тәртіп те жыл сайын жаңарып, пысықталуда. Мәселен, 2026 жылғы 25 тамыздан бастап Қазақстанда алимент өндіру мен төлеудің жаңа тәртібі күшіне енді. Осы ережеге орай енді алимент қаражаты тек қана екінші деңгейлі банктерде ашылған арнайы банктік шотқа аударылады. Алимент түсетін бұл арнайы шотты банктердің немесе сот орындаушыларының бұғаттауына жол берілмейді. Бұл балаға берілетін қаржының қауіпсіздігін және уақытында шотқа түсуін қамтамасыз етеді.

Ол үшін алимент алушы кез келген екінші деңгейлі банктен арнайы шот аштырып, оның реквизиттерін жеке сот орындаушысына тапсыруы тиіс. Соның арқасында бұл қаражаттан басқа қарыздарға немесе несиелерге ұстауға тосқауыл қойылады.

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ДЗЮДО КҮРЕСІНІҢ ФЕДЕРАЦИЯСЫ» қоғамдық бірлестігі (БСН 251240035766) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Өскемен қаласы, 070004, Антон Чехов көшесі, 39/2-үй.

3. «Рымкүл» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 230540020554) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қараменде би ауылдық округі, Қуаныш ауылы, Қызылсеңгір қыстауы, 1-үй.

4. «СПК «Қызылсеңгір» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 230440000982) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қараменде би ауылдық округі, Қуаныш ауылы, Қызылсеңгір қыстауы, 1-үй.

5. «Vertex Trading» ЖШС (БСН 250140023875) (ҚР, Алматы қаласы, 050059, Медеу ауданы, Джаркентский көшесі, 3-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 2-ықшамауданы, 18-үй, 8-пәтер, тел. 8 701 777 3961.

10. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Нұр бөбек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, (БСН 070940013046) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, СҚО, Петропавл қаласы, 150000, Челюскинская көшесі, 58-үй.

13. «Сырдария – Оңтүстік Сервис» ЖШС (БСН 110440018158) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Шұғыла шағынауданы, 6А үй, 7-пәтер, тел. 87718200105.

15. «Kazakhstan Bereke Mining Co.,LTD» ЖШС (БСН 260440032460) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 2-үй, 178-пәтер. Тел. +7 (702) 754-98-18

16. «Kazakhstan Golden Camel Mining Co., Ltd.» ЖШС (БСН 260440033865) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 2-үй, 178-пәтер. Тел. +7 (702) 754-98-18

17. «Kazakhstan Golden Eagle Mining Co., Ltd» ЖШС (БСН 260440036275) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 2-үй, 178-пәтер. Тел. +7 (702) 754-98-18.

ӘРТҮРЛІ

6. Қазақстан Республикасы заңының 60-1-бабын және Жарғының 11.2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Пржевальское» ЖШС Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының іс жүргізуінде тарапы «Пржевальское» ЖШС болып табылатын №5930-26-00-2/2205 азаматтық ісі (корпоративтік дау) бар екенін хабарлайды. Осы азаматтық іспен құқықтары мен заңды мүдделері қозғалуы мүмкін «Пржевальское» ЖШС қатысушылары сотқа үшінші тұлға ретінде қатысатыны туралы мәлімдей алады. Осы мәселе бойынша барлық қажетті ақпаратты «Пржевальское» ЖШС әкімшілігінен алуға болады. «Пржевальское» ЖШС-нің атқарушы органы.

7. «Бәйтерек Ломбард» ЖШС-нің (БСН 221140052737) заңды мекенжайының өзгергенін хабарлаймыз. Бұрынғы заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 286/4-үй. Жаңа заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сатпаев көшесі, 35А үй, т.е.б.44.

8. 2026 жылғы 7 қазанда Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымымен «Торговый двор «Веллес» ЖШС-не (БСН 101040017334) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

9. «Балаларды оңалту ұлттық орталығы» комерциялық емес акционерлік қоғамын қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №1098 қаулысымен «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» комерциялық емес акционерлік қоғамы «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығы» акционерлік қоғамына қосылу жолымен қайта құрылды. «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығы» АҚ кредиторлардың талаптарды қою мерзімі осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі айды құрайды. Шағымдарды «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығы» АҚ Алматы қаласы, Медеу ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 440 мекенжайы бойынша қабылдайды. Тел. +7 727 271 6224.

11. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Дәрігерлік – дене шынықтыру диспансері» КМҚК (БСН 040440011244) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері» КММ болып өзінің қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде Павлодар қаласы, Олжабай батыр көшесі, 43/1 мекенжайы бойынша, тел. 8 (7182) 559712 қабылданады.

14. «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (БСН 220640046262) «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы оған «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығы» акционерлік қоғамын қосу жолымен қайта ұйымдастырылғанын хабарлайды (БСН 950640000860). Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 36 мекенжайы бойынша қабылданады, тел. 87172-791-607, 511-550.

12. БҚО денсаулық сақтау басқармасы «Теректі аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК Байқау кеңесі директордың бос лауазымына конкурс жариялайды.

Байқау туралы негізгі мәліметтер:

Мекенжайы: БҚО, Теректі ауданы., Теректі ауданы, Достық көшесі,31/ 1, 2-қабат, басшының кабинеті. Анықтама телефондары: +7 71132 21-1-52, Электрондық пошта: **terekta_crb@mail.ru.**

1. БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ КМК «Теректі аудандық ауруханасы» қызметінің мәні: Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданының аумағында лицензияға сәйкес жоғары білікті медициналық көмек көрсету.

2. Аудандық және қалалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымының басшысына (директор немесе бас дәрігер) қойылатын талаптар:

«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың (қайта даярлаудың) сертификаттық курсынан өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілікті беру туралы куәлік (немесе сертификат); немесе «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау» немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе EMBA (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі; немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім және «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе EMBA (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі;

денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты;

басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.

медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін – кәсіби құзыреттердің болуы: бірінші (жоғары) біліктілік санатындағы дәрігердің (бейіні бойынша) біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі, клиникалық практикаға жіберілу үшін маман сертификаты.

3. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде келесі құжаттарды ұсынады:

1. конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2. еркін нысанда жазылған өмірбаян;

3. білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

4. еңбек кітапшасының (ол бар болса) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартына қабылдау және оны тоқтату туралы бұйрықтардан үзінді көшірмелер немесе жұмыс өтілін растайтын басқа құжат;

5. «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

6.Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінен соттылығының жоқтығы туралы анықтама.

Байқау өтінімі келесі мекенжай бойынша жіберіледі: Теректі ауданы., Теректі ауданы, Достық көшесі,31/ 1, 2-қабат, басшының кабинеті. Анықтама телефондары: +7 71132 21-1-52, Электрондық пошта: terekta_crb@mail.ru,

4. Құжаттарды қабылдаудың басталу күні және конкурсқа қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі:

Құжаттар **2026 жылғы 13 қазаннан бастап 2026 жылғы 23 қазанға дейін, жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін** қабылданады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін конкурсты жариялаған Кәсіпорынға хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайы бойынша электрондық түрде ұсынады. Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей ұсынылады. Олар ұсынылмаған жағдайда, адам әңгімелесуден өтуге жіберілмейді. Әңгімелесуге жіберілген үміткерлерге хатшы үміткерлерді жіберу туралы шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күні ішінде әңгімелесудің өткізілетін күні туралы хабарлайды. Хабарлау телефон арқылы, үміткерлердің электрондық мекенжайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу арқылы жүзеге асырылады. Байқау кеңесі әңгімелесуді үміткерлерді жіберу туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өткізеді. Әрбір үміткермен әңгімелесу барысы жазып алудың техникалық құралдарының көмегімен тіркеледі. Әңгімелесу келесі кезеңдерден тұрады:

1. Кәсіпорынды дамыту таныстырылымы (презентациясы);

2. үміткердің құзыреттілігін бағалау.

Кәсіпорынды дамыту таныстырылымы кезінде үміткер Кәсіпорынның негізгі проблемаларын талдауды және оларды шешу бойынша ұсынылатын шараларды ұсынады. Құзыреттілікті бағалау кезінде денсаулық сақтау саласының негізгі нормативтік құқықтық актілері, мемлекеттік бағдарламалары, денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелері және оларды шешу үшін қабылданып жатқан шаралар туралы білім деңгейі анықталады.

5. Конкурстың өткізілу күні:

Құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде. Хабарлау телефон арқылы, қатысушылардың электрондық мекенжайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу арқылы жүзеге асырылады.

6. Конкурстың өткізілетін орны:

БҚО, Теректі ауданы., Теректі ауданы, Достық көшесі,31/ 1, 2-қабат, басшының кабинеті.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтоқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/ WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА!

МЕДБИКЕНІҢ МІНӘЖАТЫ

(Соңы. Басы өткен сандарда)

– Тамақтарың көп болғанмен, арақтарың аз сияқты ғой...

– Саспаңыз. Барлығы да жетеді.

– Онда мен вагоныма барып, қасымдағыларға ескертейін. Бір сағаттан соң келермін...

Ол бір сағат емес, екі сағаттан соң келді, қолтығына қысқан сөмкеде аздап демидрол қосылған бір бөтелке арағы бар еді. Өзі шамалағандай аналар біраз қызыпты. Бұл келе купедегілер жаңа кейіпке түсті. Бұл болса бәрінің де ойын түсініп отыр, қай-қайсысының да мұнымен төсектес болғысы келіп ындыны құрып отыр. Аздан соң бұлар тегіс мас болуға айналды, мұның ішіп отырған болып, аузындағы арақты сүлгіге сыздықтатып жіберіп отырғанын да байқамады. Әрқайсысы келіп құшақтамақ болады, бірақ бірінен екіншісі қызғанып, кәдімгідей-ақ керілдесіп қалады. Бұл осы кезде өзіндегі арақты байқатпай шығарып, құя бастады, пойыз Жалағаштан өткен кезде олар өлесі мас болып, қалың ұйқыға кіріскен болатын.

Вера сөмкесінен медициналық резина қолғапты алып киді де, іске кірісті, бірінен соң бірінің ішкиімдеріне тігілген жасырын қалтадағы бар ақшаны сыпырып алды. «Кешіре гөр, Құдайым! Кешіре гөр, Саша! Бұлай жасамасам өзімді өмір бойы кешпей өтермін. Кешіре гөріңдер!» – деп күбірлей жүріп, бүкіл ақшаны үнемі сөмкеде жүретін үлкен қалың пакетке салды да, өз вагонына кетпек болып бұрыла беріп, ойланып қалды. «Мынаның жатысын...». Ол тез шешім қабылдады. Әлішерді сүйемелдей жүріп, купеден шығарды да, тамбурға әкелді, бүкіл жолаушы ұйқыда. Анау болса былқ-сылқ етіп болар емес. Пойыз зымырап келеді. Тақ-тұқ, тақыр-тұқыр, ырғағынан жаңылыспайтын бір әуен. Бұл вагон есігін ашты да Әлішерді сыртқа итеріп жіберді. Тұсынан өтіп бара жатқан вагондар жарығынан алғашында ағараңдап көрінгенмен, лезде қою қараңғылық оны бірден жұтып қойғандай болды. Шамдары жарқырап бір шағын станса қалып бара жатты артта. Бұл – Диірментөбе еді.

Пойыз Төретам стансасына келген кезде Вера басқа вагоннан түсіп кетті де, соңғы вагонның қызыл шамы қашан көзден таса болғанша қарап тұрды.

...Купедегілер естерін Шалқардан өте жинады. Сынып бара жатқан бастарын ұстап, еңселерін тіктей алмай отырса да, олар ақшаларынан айырылғанын, Әлішердің жоқ екенін білді. Шарап болса әуелгіде: «Бүкіл ақшаны тонап, Әлішер кешегі қатынмен кетіп қалған болар», –деп ойлап тістене қалған, бірақ оның жол сөмкесінің, заттары мен тамақтарының, құжаттарының купеде жатқанын білгесін басқа бір бәлеге тап болғандарын сезді де, жолсерікке, пойыз бригадиріне болған жағдайды жеткізді. Қандыағашқа келгенде оларды полиция қызметкерлері күтіп алған еді.

2000 жылды қарсы алған жұрттың құлағын біраз шулатты да, әңгімесі басылып қалды. Іс ашылмай, мұрағат сөресіне жол тартты. Вера сол түні тағы да жолсерікпен келісе кері қарай пойызға отырып, Таразға келді де, жұмысына қосылып кетті. Он күннен соң Алматыға келіп, шешесінің атына үш бөлмелі үй сатып алып, пәтерге беріп кетті, Астана қаласынан Ресейге көшпек болып, үйін сата алмай отырған шешесінің сіңлісіне сұраған ақшасын беріп, үйді өзіне мұраға қалдыруға көндірді. Мұның барлығы да оның жоспары бойынша жүзеге асып жатты. Анасы зейнетке шыққан бойда ол бұл қаладан көшуді ойластыра бастады да, бас дәрігерге шешесінің денсаулығы бұл қалада тұруды көтермейтінін айтқан еді, ол Шымкенттегі курстасына телефон соқты. Сөйтіп, алты айдан соң ол Шымкент жедел жәрдеміне қызмет ауыстырып, ауқаттылар тұратын аймақтан жеке үй сатып алды. Бұл кезде өзінің әу бастағы жоспарына сай Алматыдағы үйлерді сатты. Бұл оның мына үйді қандай қаржыға алдың деген сұрақ туа қалса дегенге дайындаған жауабы еді.

Сонымен бәрі де ұмытылғандай болған. Бірақ... Иә, осы бір бірақ деген-ақ алдынан шыға берді. Иә, бәрі де дұрысталып келе жатыр еді ғой. Вераның әу баста ойлағанындай ауқаттылар ауданында тұру бұл сияқты білікті медбикеге қосымша табыс көзі бола бастады. Бірде шақыртумен табанын әйнек тіліп кеткен қызға барғанда үш қабатты коттедж қожайынын таныды. «Ойбай-ау, мынау Шарап қой. Тараздан жоқ болып кетіп еді, мында келген екен ғой сұрқия». Сол-ақ екен Веранының санасында одан кек қайтару деген бәле ой тағы да бас көтерді. Келесі күннен бастап ол Шарап пен оның төңірегін зерттеуге кірісті. Құрамында Баһадұр Рашидов, Абдулла Қамбаров және Әмит Көккөзов бар машина алыпсатарлары тобын Шарап басқаратынын білді. Барлығы да бір шағын ауданда тұрады екен. Енді Вераға Көккөзовтің аурушаң әйелі ақпарат алу нүктесіне айналды. Екі күннің бірінде мұны шақыратын әйелдің алып бара жатқан науқасы жоғын білсе де, Вера оның үнемі күтінуі, емделуі керектігін құлағына құя берді. «Арам ақшаны не істерге білмей кергіген қатынды аяудың керегі жоқ. Шараптан кек алу керек», – деп іштей пайым жасаған ол әлгі әйелді мақтап-мақтап, Шарап басқаратын топтың әр қадамын бақылауға алды.

Көп өтпей олардың жолға шығатынын білген Вера тағы да баяғы ізбен жолға дайындалды. Ол «Клозапин» атты дәріні араққа қосып дайындады да, вокзал туалетінде гримделіп, басқа түрге енді, тағы да жолсерікпен келісіп, Мәскеуге қарай жол тартқан төртеуге көрші вагонға орналасты. Пойыз Жаңақорғанға тоқтағанда Шараппен перронда кездейсоқ жолыққан жан бола қалды. Анау танымады, қонаққа шақырды, бұл бір-екі сағаттан соң баратынын айтты. Бәрі де тура баяғыдай... Тағы да ішу...Тағы да олар қатты қызған тұста дәрі қосылған арақ беру, тағы да барлығы өлесі мас болу. Тағы да ішкиімдерді тексеріп, барлық ақшаны сыпырып алу. Бірақ, соңғы кезек Шарапқа келіп, бұл ақшаны алып болған кезде, ұйқылы-ояу күйде ол мұның сол қолынан, білезіктік тұсынан ұстай алсын. Әуелгіде сасып қалғанмен Вера тез есін жиды да, сөмкесінен ұзын отвертканы шығарып, оның қабырғасының төске жақын тұсындағы етті тұсынан жүрекке қарай күшпен сұға бастады. Шалқасынан жатқан Шараптың қарсыласуға шамасы да келмеді, бір кезде қолы сылқ етіп, салбырап қалды. Вера отвертканы суырып алды да, денедегі тесікті резеңке қолғапты қолымен он минуттай басып тұрды. Бұл да тура ол ойлағандай болды, тесікке қан ұйып қалды да, аққан қан сыртқа шықпай, ішке жинала бастады. Купедегі саусақ таңбаларын өшірген ол «Саша! Вераң сенің кегіңді қайтаруда» деп күбірлей, тағы да Төретам стансасынан түсіп қалды да, тура баяғыдай түнгі пойызбен кері қайтты...

* * *

Абылай іздестірулері соңғы кезде біршама нәтиже беріп, Вера Орловаға байланысты жұмыстар одан күдіктенуге негіз бола бастады. Алайда, бұл тұстағы ең қиыны – нақты факт, нақты деректің жоғы еді. Оның қылмыс жасағанын қалай дәлелдейсің? Долбардан не шығады, оның мойындамайтыны анық. Не істеу керек? Осы ойлардан басы қатты... Кенет...



Санасында жарқ ете қалғандай ойдан оның өзі де шошып кетті. «Алла-ау! Бұл дегенің арандату ғой». Әлгі ойды келесі ой ысыра бастады. «Ие... Неғыпты арандату болса... Әйтпесе мына қылмыс ашылмай қалайын деп тұрған жоқ па?» Не істейміз? Алғашқы ойға жақтастар да табылды. «Сонда қалай? Қылмыс ашу үшін күдіктіні қылмысқа итермелейміз бе?» Екінші ойға да қорғаушы бой көрсетті. «Енді не істейсің? Оның қылмыс жасағаны анық десек, әрекет ету керек. Әйтпесе бұл іс те глухарь болып кетті дей бер. Айыптыға қылмыс жасағанын дәлелдету үшін бұдан басқа жол жоқ қой».

Осы кезде оның қалтафоны шырылдады, бақылаудағы жігіттердің бірі екен, сыртта машина ішінде күтіп отырғанын айтты. Ол тез сыртқа шықты да, анадай жерде тұрған ақтөбелік нөмірлі машинаға келіп, артқы орындыққа отырып жатып, салондағы алпысқа келіп қалған адамды көрді. Көлік тізгініндегі жігіт жылдамдата сөйледі.

– Полковник мырза! Кешіріңіз! Мына кісі менің жақын ағам. Ішкі істер органдарының ардагері. Полковник. Жаңа бір әзірде машина ішінде отырған мені танып қалды. Сосын сізге ертіп келдім.

Көліктегі азамат ардагерлік куәлігін көрсетті де, өзін «Запастағы полиция полковнигі Әділгереев Тәни деген ағаңмын. Мына жігіт менің немере ағамның баласы. Мұны мен осыдан екі күн бұрын көрдім де тегін жүрмегенін түсіне қойдым. Сосын бақылауға алып байқасам, Орлованың үйін аңдып отыр екен. Ішім кіп алып, бүгін іниме келіп, өзіңе жолықтыруға көндірдім. Негізі бұл кінәлі емес... Жұмыстарыңның бағытын түсінген сияқтымын...».

– Аты-жөнім Абылай Қайсенов. Полковник екенімді есіттіңіз. Бір істің ізінде жүрміз. Біздің жігіттерді байқап қалған екенсіз ғой. Сіз жұмыс бағытын білемін дедіңіз. Айтып көріңіз, дәл табар ма екенсіз...

– А... Ха-ха... Қу бала... Ладно... Басқа адам байқамауы мүмкін. Біз енді старый гвардиямыз ғой, небір істі аштық қой. Бәлкім, кәсіби дағды, әдет болар, төңірегіңде не болып жатқанын байқап отырамыз. Ал біздің сала үшін пенсияға шықтың бітті, керегің жоқ. Обидно! Да... Ладно... Байқауымша сендер машина алыпсатары Шараптың өліміне байланысты жүрген болуларың керек...

– Мүмкін... Қалай білдіңіз?

– Мына інімді көріп, бір күн сырттай бақылағасын түсіндім ғой...

– Біраз нәрсені білетін сияқтысыз. Сіз қалай ойлайсыз, бағытымыз дұрыс па? Жалған ізге түсіп кеткен жоқпыз ба?

– Бағыттарың дұрыс... Мен негізі ақтөбелік болғанмен, оқу бітіргеннен осындамын, он жылдай угрода, қалған жылдар тергеуде өтті, ДВД-ның аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі болдым. Осыдан он үш жыл бұрын осы Шараптың өлімі сияқты оқиға болып, екі облыс пен көліктегі полициядан бірлескен топ құрылған. Себебі, олардың қасындағы екі сыбайласы біздің облыстан болатын. Аты-жөнін айтып керегі жоқ, прокуратураның бір қуы біздің жолымызды жапты да отырды. Сөйтіп қылмыс ашылмай қалды. Біздер сол кезде Вера Орловадан күдік алғанбыз. Өйткені, пойыздан құлап өлген Әлішер деген бар, жақында пойызда өлген Шарап бәрі бір топ, бұлар әлгі қыздың көз алдында үйленейін деп күн санап отырған сүйген жігітін соққыға жығып, тепкілеп өлтірген. Сот оларды кінәсіз деп тапқан. Міне, содан соң қыз кек алуға кіріскен болуы керек. Ал, ана прокурордың бұл істі неге тез жауып тастауға асыққанын әлі күнге түсінбеймін. Бірақ, сол іс ойдан кетпей қойды. Шарап Каримовтың да, Орлованың да осында көшіп келгенін білдім. Әуеліде екеуі сыбайлас па екен деп те ойлағанмын. Бірте-бірте оқиға ұмытыла бастады. Сол күйі құрдымға кеткен шығар деген ойда болдым. Зейнетке шықтым, одан соң, тіпті, ұмыттым десем де болады. Алайда, үш күн бұрын баяғы қайта еске түсті. Міне, сол Орлованың үйіне наблюдение жасап отырған інімді көргесін, арғы жағы белгілі емес пе... Бұларды сырттай екі күн бақыладым. Ішімнен «Апыр-ай, ашса жақсы болар еді», – деп тіледім...

Автокөлік ішінде Абылай Тәни ақсақалдың осы іске қатысты бар білетінін есіткен соң, тастүйін шешімге келді. Жігіттердің бірін шақырып, тапсырма берді: – «Орлованың үйіне байқатпай кіру керек. Ол жұмысқа кеткен кезде шешесі есік алдындағы скамейкада оны-мұны сатып отырады. Әуелі үйдің сырт жағынан барып, итке дәрі қосылған нан лақтырып ұйықтатып тастайсың. Олардың аула ішіндегі терезесі күндіз ашық тұрады дедіңдер ғой, содан үйге кіріп, бейне бақылау құрылғысын қыздың бөлмесіне орнатасың. Ешқандай із қалмасын. Камераны дұрыстап жасыру керек». Топ іске кірісті.

* * *

Тыңдау құрылғыларынан Вера тамырдан дәрі құйып жатқанда Көккөзовтің бірнеше рет: «Ей, сұлу қыз... Мен сені жақсы білемін», – дегенін және медбикені сол кезде үнсіз қалатынын білген Абылай осыны пайдалануға кірісті. Әрине, Көккөзовтің оны басқа оймен айтқаны анық, бірақ, бұған ол басқа шаруа үшін керек еді. Орлованың шешесіне көршілері арқылы «Көккөзов Вераны танып қалыпты» деген әңгіме жеткізілді және бұл күн сайын түрлі саққа жүгіріп, жүйкеге тиетіндей деңгейге жетті. Енді Орлованың әрекетінен мазасыздық аңғарыла бастады. Енді Веранының әрекетке көшуі мүмкін. Тергеу тобы ширыға түсті. Әрі тек тыңдауға ғана емес, оның бөлмесінде не болып жатқанын да көруге мүмкіндік туды. Абылай: «Мұным дұрыс емес. Бірақ іс мүддесі үшін осылай істеуге мәжбүрмін», – деп өзін іштей ақтағандай болды.

Сол күні кезекті ауысымнан 9-00 шамасында үйіне оралған Вера әдеттегідей ұйықтап кете алмады. Санасынан анасы айтқан әңгіме шықпай қойды, бұдан соң не боларын ойлағанда, тіпті, ұйқысы қашып кетті. Санасын шаншып, жүйкесіне салмақ түсіре бастады. Басын ұстаған күйі бөлме ішін кезе жүріп, өз-өзінен сөйлеуде. Бұл кезде Абылай бастаған топ барлығын таспаға жазып отыр еді. Ол кенет үнсіз қалды. Сосын төсегі үстінде ілулі тұрған Сашаның үлкейтілген суретінің алдына келіп, тізерлей отырды.

– Құдайым! Мені кеше гөр! Кеше гөр, Саша! Сенсіз маған қызық жоғын өзің білесің, антыма берікпін, талайлар сөз салғанмен, күйеуге де шыққан жоқпын. Сен өлген күні мен де өлгенмін, Саша! Тек сенің кегіңді қайтару үшін жүрмін. Ақшалардың көбін сенің мамаңа беріп жібердім өткенде келгенде... Бәрін айттым оған... Қайтейін... Өзің де біліп жатқан боларсың... Мен тек Әлішердің ғана көзін құртқым келді, Шарап қолымнан шап бермегенде аман қалар еді. Енді мені Әмит танып қойыпты. Амалым жоқ, оның көзін жоймасам болмайды. Саша! Ылғи түсіме кіресің, «Вера, Вера, Верочка», – деп жүресің. Сенің не жазығың бар еді... Неге олар жазаланбады? Енді не істеймін. Не істей аламын мен... Құдайым, өзің кеше гөр! Кеше гөр мені!

Осыдан соң ол орнынан тұрып, бетін жуып келді де, сөмкесіне дәрілер мен медициналық қолғап, шприцтер салынған қорапты салды, жастығының астынан ұзын отвертка алып, оны да сөмкеге сырт көз байқамайтындай етіп жайғастырды да сыртқа беттеді. «Ойбай-ау, мынау сол отвертка ғой... Оружие преступление... Апыр-ай, Вера жаңағы сөздерді айтпағанда бұл қылмысты дәлелдей алмас едік-ау... Сәті түсті, әрекетіміз нәтиже берді».

Абылай жігіттеріне Көккөзовтің үйіне шұғыл жетуге бұйырды. «Көккөзов... Көккөзов! Нағыз қанішер сенсің ғой. Бірақ, бұл жолы мен сені қорғауға мәжбүрмін. Солай боп тұр. Қызметім солай... Парадокс... Сенің қолыңа кісен салуға жеткізер күн де туар...».

Үш жігіт Әмиттің үйіне тез жетіп, барлығын түсіндірді. Қандай түр көрсету керек, не айту қажет, қалай әрекет етуі туралы нұсқау беріп, өздері әр тұсқа жасырынды. Вера келгенмен, Әмит ешқандай ем қажеттігі жоғын айтып, нұсқауға сай оның жүйкесіне тие бастады. Міне, осы сәтте холлда өзге адам жоқтығына көз жеткізген Вера: «Түу, сіз де... бала құсап...», – деп сөйлей жүріп, қолындағы дәрі толтырылған шприцті Көккөзовтің иығына жақындата берген сәтте білегінен бір қарулы қолдың қатты ұстай алғанын сезді. Бұрыла қарап, бөлмеде тұрған қарулы жандарды көрген ол талықсып кетті.

Бір сағаттан соң Вера Орлова Абылайға жауап беріп отырды. Әуелгіде ештемені мойындағысы келмегенмен, дәлелдерді, аудио-видео жазбаларды көрсеткесін жылап жіберді.

– Мен сізді түсінемін. Сіздің неге бұлай жасағаныңызды да түсінуге болар. Бірақ, бұл – ақтау емес. Мен сізді ақтай алмаймын. Сіз қылмыскерсіз... Қазір де екеуміздің әңгімеміз бейнетаспаға жазылуда. Сіз мінәжатыңыз арқылы-ақ бар қылмысыңызда мойындап қойғансыз.

Абылайдың осы сөзінен кейін ол жылай отырып, барлығын баяндады. Содан соң тағы да тізерлей отыра қалды да: «Кеше гөр мені, Құдайым! Кеше гөр, Саша! Мен біттім... Енді шамам жоқ...», – деді еңірей жылап.

...Үш күннен соң Абылай Шымкенттен Астанаға ұшып келе жатты. Іс сотқа кетті, Вера Орлованың өз жазасын алары анық.

Алдажар ӘБІЛОВ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6218 дана
Апталық таралым 12436 дана

Тапсырыс № 153 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31